



ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

4-БЕТ



КӨСЕМСӨЗДІҢ ДЕ ҚҰЛАГЕРІ

6-БЕТ



ӨНЕРДЕГІ ӨТКІР ОЙ

16-БЕТ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫ – ҚОҒАМ ЖАРШЫСЫ

Ақорда төрінде бұқаралық ақпарат құралдары қызметкер-Алерін марапаттау салтанаты өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ БАҚ саласының өкілдерін төл мерекесімен құттықтап, маңызды сөз сөйледі.

«Бұл кәсіби мерекенің ел өмірінде алатын орны айрықша. Себебі, журналистер қауымы – ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Қазіргі жаһандық технология дамыған заманда азаматтарға жедел, сапалы әрі шынайы ақпарат тарату, ұтымды сараптама ұсыну да журналистер қауымына жүктелген абыройлы міндет саналады. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Ел Президенті ретін-

де бүгін мен барша медиа саласы мамандарына шынайы ризашылығымды білдіремін», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ақпарат саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар БАҚ өкілдерін мемлекеттік наградалармен және Алғыс хаттармен марапаттады.

Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы Алғысыниеленгендер қатарында «Almaty Aqparat» медиахолдингіне қарасты, 90 жылдық шежіресі бар «Вечерний Алматы» газеті де аталып, мерейі үстем болды. Бұл ма-

рапат басылымның отандық журналистиканы дамытуға қосқан елеулі үлесі мен көпжылдық жемісті еңбегінің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Салтанатты іс-шарада Jibek Joly телеарнасының тележүргізушісі Айгүл Мүкей, креативті индустрияны дамыту жобаларының авторы Жазира Байдалы және «Almaty Aqparat» медиахолдингінің бас директоры Ержан Қалымбайұлы сөз сөйледі. Медиахолдинг басшысы сөзінде 1 шілдеден бастап заңды күшіне енетін Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы отандық медиакеңістікке тың серпін беретінін баса айтты. Әрі Мемлекет басшысына барша әріптестерінің атынан алғысын білдірді.

(Жалғасы 2-бетте).

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫ – ҚОҒАМ ЖАРШЫСЫ



(Басы 1-бетте)

Ұлттың үні

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев салтанатты жиында сөйлеген сөзінде БАҚ-ты ұлттың үні, қоғамның айнасы деуге толық негіз бар деді. Өйткені, өз азаматтарымызбен қатар, күллі әлем қауымдастығы елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістердің түпкі мәнін, ең алдымен, отандық медиа арқылы танып, біледі.

«Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан журналистері осы жауапкершілікті терең сезініп, кәсіби міндеттерін жемісті атқаруда. Наурыз айында біз – бәріміз бір ел болып, конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Жалпыұлттық референдум кезінде халқымыз мемлекеттің келешегін айқындайтын тарихи таңдауын жасады. Еліміздің бас құжаты – жаңа Конституциямыз өз тұғырына қонды. Ата Заңды әзірлеу және қабылдау оңай шаруа емес екені анық.

Бұл – бірлігі бекем, рухы биік және жарқын болашаққа деген сенімі зор ұлттың ғана қолынан келетін бірегей қадам. Біз осы сақатқа жету үшін ұзақ жолды жүріп өттік. Арнайы Конституциялық комиссия құрып, Негізгі заңның әр бабын ел мүддесі тұрғысынан мұқият сараладық. Бүкіл жұртты бір мұратқа ұйыстырған ортақ істе медиа саласы мамандарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өту қажет. Жалпы, журналистер өз кәсібилігін толығымен көрсетті. Осы салада нағыз кәсіби маман болу дегеніміз – «қолдан жасалған» айқай-шу немесе даңғазға жасау емес, бұл – ең алдымен өзекті мәселені жан-жақты білу және тақырыпты жетік меңгеру деген сөз. Комиссия отырысының әлеуметтік желідегі эфирлері де миллионнан астам қаралым жинады. Осылайша Ата Заң жобасын талқылау жалпыұлттық деңгейдегі пікірталасқа ұласты. Бұл іске елге жанашыр азаматтарымыз түгел қатысты.

Мәселен, «e-Government» және «e-Өтініш» цифрлық жүйесі арқылы мыңдаған өтініш келіп түсті. Түптеп келгенде, мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі екені сөзсіз. Конституциялық комиссия мүшелері салмақты әрі ұтымды ұсыныстардың ешқайсысын назардан тыс қалдырған жоқ, оның бәрі мұқият зерделенді. Комиссия құрамында масс-медианың беделді өкілдері де болды. Сондықтан журналистер қауымын жаңа Ата Заңымыздың тең авторларының бірі деп айтсақ, қате болмайды», – деді Президент.

Идеологиялық бағдар

Президент пікірінше, отандық БАҚ өздеріне жүктелген жауапты миссияны жоғары деңгейде атқару үшін халықаралық медиа қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тиіс.

«Медиаиндустрия цифрлық дәуірдің сын-қатерлерімен алғашқылардың бірі болып бетпе-бет келді. Осылайша цифрлық

матрицаның – қоғам өміріндегі жаңа санаттың бір бөлігіне айналды. Нарықтың түбегейлі өзгеруі салдарынан жаңалықтар порталы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алдыңғы қатарға шықты. Мерзімді баспасөз бен телевизия бұрынғы үстемдігінен айырылды. Қазіргі жағдай осындай. Алайда, мен «Дәстүрлі медианың дәурені өтті» деген пікірмен келіспеймін. Керісінше, газеттер мен телеарналар жаңа форматқа көшіп, инновациялық мультимедиялық платформа құрып, заман талабына сай дамып келеді. Олардың басты артықшылығы – мәселені терең талдап, шолу мен сараптама ұсына алуында. Ақпараттық кеңістікте қарабайыр тақырыптар қаптап, ұсақ-түйекті сөз қылу көбейген заманда сапалы әрі өзекті журналистиканың маңызы еселеніп артады. Сондықтан менің ойымша, дәстүрлі БАҚ қымқиғаш уақиғалар нөпірінде қоғам үшін ақпарат айдынындағы компас, тіпті идеологиялық бағдар рөлін алдағы уақытта да атқара береді», – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналистердің жалған ақпарат таратуға қарсы күресте атқаратын рөліне де тоқталды.

«Заманауи технологиялар цифрлық алаңда алауыздықты әдейі ұшықтыратын «ботофермалардың» пайда болуына түрткі болды. Көпе-көрінеу жалған ақпарат тарату, адамды қаралау, өтірікті шындай соғатын қауіпті құбылыс қалыптасты. Оны қазір дипфейк деп атайды. Яғни объективті фактілер эмоцияның көлеңкесінде қалып, қасақана арандатушылық туғызады. Қоғамның ынтымақ-бірлігіне сына қағып, мемлекеттік институттардың атына кір келтіру үшін жасанды интеллект құралдары қолданылады. Танымал тұлғалардың жасанды цифрлық бейнелерін түпнұсқадан ажырату мүмкін емес. Мұндай технологияларды түрлі алаяқтар мен деструктивті күштер белсенді пайдаланады. Сондықтан медиа саласының қызметкерлері жауапкершілік танытып, мемлекеттің аталған гибриді, аса қауіпті қатерлерге төтеп беруіне атсалысуға тиіс. Осы орайда сіздердің еңбектеріңіз орасан», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Қалам елді түзейді»

Президент Қазақстанда БАҚ қызметіне қажетті жағдай жасалғанын айтты.

«Елімізде пікір алуандығы мен сөз еркіндігі бар, ал цензураға заң жүзінде тыйым салынған. Алайда, сөз бостандығы дегеніміз жүгенсіздікке және тәртіпсіздікке жол беру деген сөз емес. Сондықтан қоғамдық пікірді өздерінің теріс пиғылына пайдаланып, медиа саласында айласын асырғысы келетіндер мына бір қарапайым қағиданы жадында ұстауы қажет: бірде-бір адам шексіз құқық иесі емес. Басқаша айтсақ, өз құқыңды білу және сақтау өзгенің құқың бұзу немесе ар-ожданын таптау деген сөз емес. Алдымызда адамдар жалған ақпараттың жетегінде кетпей, күрішті күрмектен ажырату үшін медиасауаттылықты барын-

ша арттыру міндеті тұр. Қоғам қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет, соның ішінде кез келген заңсыз ақпаратты жедел анықтау және бұғаттау жұмысын қолға алу өте маңызды. Біз Заң мен тәртіпке бағынатын ел ретінде құқықтық нигилизмге, әсірешілдікке, яғни радикализмге және халқымыздың болмысына жат құндылықтарды насихаттау ісіне түбегейлі тосқауыл қоюымыз керек. Бұл – өте маңызды міндет», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сән-салтанатты өмір мен «жеңіл ақша» культін дәріптеу дұрыс емес деп санайды.

«Өйткені, бұл өскелең ұрпақты адастырып, олардың дүниетаным құндылықтары мен өмірлік мұратына теріс ықпал етеді. Жастар медиакеңістіктен ысырапшылдық пен мәнсіз ырду-дырдуға толы алдамшы өмірді емес, керісінше, жасампаз еңбектің, адал табыстың, ішкі мәдениеттің нағыз үлгісін көруі керек. Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркениетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ болуы керек.

Қазір біз біртұтас ұлт болып, өркендеген, заманауи, яғни озық мемлекет құрып жатырмыз. Бірақ бұл – төл құндылықтарымызды ұмыту деген ұғым емес. Біз жұртымызға тән игі қасиеттерді жаңғырта түсуіміз керек. Мұны азаматтарымыз, әсіресе, жастарымыз терең түсінуі қажет. Мәдениеті жоғары елдің әлемдегі мәртебесі де, беделі де биік болады айқын. Ал нағыз мәдениет үйде де, түзде де әдеп сақтау, көпшілік ортада өзін дұрыс ұстау, басқа адамдарды құрметтеу, сыйлау сияқты қарапайым қағидалардан басталады. Қазақ халқы әдептен аттамаған, әрдайым үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген. Жақынына жанашыр көзбен қарап, жығылғанға демеу, сүрінгенге сүйеу болған. Біздің шынайы болмысымыз – осы. Сондықтан адамның ар-намысына нұқсан келтіретін, қауіпсіздігіне қатер төндіретін кез келген әрекетке жол бермеу қажет. Біз озық ел ретінде қоғамда салт-дәстүрімізге негізделген өркениетті этикалық нормаларды орнықтыра түсуіміз керек. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағыттағы жұмысты күшейту – айрықша маңызы бар міндет. «Қалам елді түзейді» деген сөз бекер айтылмаған.

Осы орайда, біз сіздерге – журналистер қауымына зор үміт артамыз. Ақпарат саласының қызметкерлері қашан да ұлт сапасын жақсартатын құндылықтарды дәріптеу ісіне белсене атсалысуы қажет деп санаймын», – деді Президент.

Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Мемлекет басшысы журналистика саласында қай кезде де ұлт мүддесін бәрiнен биік

қоятын, парасатты, нағыз отаншыл тұлғалар қызмет еткенін атап өтті.

«Олар халықтың сана-сезімін оятып, елдің еңсесін көтеруге зор үлес қосты, ағартушылықпен айналысып, халықты білім мен ғылымға шақырды. Сіздер де аға буын салған сара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Баршаңызға тағы да зор алғыс айтамын. Мемлекет медиа саласы қызметкерлерін әрдайым қолдайды, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән береді.

Баршаңызға мәлім, жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Соңғы үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болды. Енді бұл бастаманың ауқымын кеңейте түсуді көздеп отырмыз. Әсіресе, сапалы хабар таратып, қажырлы қызмет етіп жүрген аймақ тілшілерінің еңбегін елеусіз қалдыруға болмайды деп санаймын. Сондықтан менің тапсырмаммен осы жылы алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілті табысталады. Жалпы, биылдың өзінде бүкіл еліміз бойынша ақпарат саласының 66 қызметкеріне баспана беріледі. Бәріңізге құтты болсын деймін!», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Күшті Қазақстанды құру ісіне орасан зор үлес қосып келе жатқаны үшін алғыс айтты.

«Сіздер қоғамда «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» қағидаттарын орнықтыруға, сондай-ақ «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын кеңінен дәріптеуге белсене атсалысып келесіздер. Сол арқылы халқымыздың болмыс-бітімін және санасын жаңғыртуға зор еңбек сіңіріп жүрсіздер. Алдағы уақытта да ақпарат саласының мамандары ел игілігіне қызмет ете береді деп сенемін. Мен бүгін Қазақстан Республикасының журналистикасы мен телевизиясының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін медиа саласының үздік мамандарына жоғары мемлекеттік награда беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Марапатталған азаматтардың арасында саналы ғұмырын ақпарат саласына арнаған ардагер қызметкерлер де бар.

Осы тұста ұлттық телевизияның алғашқы кәсіби мамандарының бірі, қазақ тіліндегі тұңғыш эфирді жүргізген майталман диктор Зүлқия Жұматованы ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі таңда 106 жасқа келген ардақты тұлғаны халқымыз айрықша құрметтейді. Сондықтан мен Зүлқия Мұқанқызына «Құрмет» орденін табыстау туралы шешім қабылдадым. Сондай-ақ, қазір ортамызда отандық медиааның мәртебесін арттырып жүрген тәжірибелі азаматтар отыр. Олардың қатарында Ертай Ашықбаев, Татьяна Корецкая, Қайрат Мұсақұлов, Қымбат Досжан сынды танымал журналистер бар. Тілшілердің жас буыны сіздерге қарап бой түзейді», – деді Мемлекет басшысы.

Дайындаған Нұржамал ӘЛІШ.
(Дереккөз: akorda.kz)



ОТАНДЫҚ БРЕНД ӨНДІРЕДІ

Алматыда екі бірдей маңызды жобаның негізі қаланды

Алматының индустриялық аймағында екі маңызды инвестициялық жобаның негізі қаланды. Alma-Ata Machinery Manufacturing Co., Ltd тежегіш компоненттері зауытының және «Taza Sauda» компаниясының Smart AI Logistic логистикалық кешенінің капсуласын салу салтанаты рәсімі өтті. Іс-шараларға қала әкімі Дархан Сатыбалды қатысты.

Бірінші нысан – халықаралық сапа стандарттарына сай келетін тежегіш дискілері мен қалыптарын шығаратын, толық циклді жоғары технологиялық зауыт. Инвестицияның жалпы көлемі – 55 млрд. теңге. Кәсіпорын жобалық қуаттылығына шыққаннан кейін жылына 5 миллион дана тежегіш компоненттерін өндіреді және

600 жаңа жұмыс орнын қамтамасыз етеді. Зауыт өнімдері әлемдік жетекші автоөндірушілердің, соның ішінде BMW, Mercedes-Benz, Ford және Dodge сияқты брендтердің талаптарына сәйкес келетін болады.

Салтанатты жиында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жобаның стратегиялық маңызына тоқталып өтті:

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өңдеу өнеркәсібін дамытуға, жоғары технологиялық өндірістерді ашуға және отандық өнім көлемін арттыруға ерекше көңіл бөлуде. Бүгінгі капсула салу рәсімі осы жұмыстың нақты нәтижесі. Бұл кәсіпорын жәй ғана өндіріс алаңы емес, ол жаңа технологиялар енгізілетін, жаңа құрылыстар қалыптасатын және жоғары білікті мамандар даярланатын маңызды индустриялық орталыққа айналады, – деп атап өтті әкім.

Шаһар басшысы жобаның халықаралық сипатына да ерекше тоқталды. Оның айтуынша, қытайлық инвесторлардың өндірісті орналастыру алаңы ретінде Алматыны таңдауы – қаланың инвестициялық әлеуетіне берілген жоғары баға.

Екінші нысан – «Taza Sauda» компаниясы жүзеге асырып жатқан заманауи «Smart AI Logistic» логистикалық кешені. Инвестицияның жалпы көлемі – 28 млрд. теңге. Жоба аясында жалпы ауданы 35 мың шаршы метрді құрайтын қойма кешендері мен әкімшілік ғимараттар салынып, 190-нан астам жұмыс орны ашылады. Кәсіпорын жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, барлық негізгі процестерді толық цифрландыруды көздейді. Логистиканы роботтандыру мен автоматтандыру саласындағы әлемдік кшбасшылардың бірі «Geek+» компаниясы жобаның серіктесі болмақ.

Мұндай көлік-логистикалық орталығы Қазақстанда тұңғыш рет салынғалы отыр. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жобаның қала дамуындағы рөлін айрықша екенін әрі Мемлекет басшысы айқындаған экономиканы цифрлық трансформациялау мен ақылды инфрақұрылымды дамыту мақсаттарына сай келетінін жеткізді.

Дархан Сатыбалды Алматы қаласын Орталық Азияның жетекші логистикалық және дистрибуторлық хабына айналдыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын да атап өтті. «Smart AI Logistic» жобасын жүзеге асыру да осы мақсатқа жетуге қосылатын қомақты үлес және аймақтағы жоғары технологиялық логистиканы дамытуға жаңа серпін бермек.

Досбол АТАЖАН.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Ел сенімінің тірегі

Алматы әкімдігінде Мемлекеттік қызметкерлер күні мерекесіне арналған салтанатты іс-шара өтті. Бұл күні қалалық ведомстволарда, әкімдіктер мен басқармаларда салтанатты жиналыстар өтіп, үздік қызметкерлерге ведомстволық наградалар, құрмет грамоталары мен мемлекеттік басқаруды дамытуға қосқан үлесі үшін Алғыс хаттар табысталды.

23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні. Бұл мереке БҰҰ Бас Ассамблеясының бастамасымен 2002 жылы бекітілсе, Қазақстанда 2013 жылдан бері ресми түрде аталып өтеді. Биыл кәсіби мерекені еліміз бойынша мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген 83 мыңнан астам маман қарсы алды.

Мерекелік іс-шараны Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы Ерлан Исабеков ашып, әріптестерін қызу

құттықтады. Қала басшысының айтуынша, бүгінде мемлекеттік қызмет жүйесі кәсіби тәжірибе мен жас буынның үйлесіміне негізделген. Сала қызметкерлерінің орташа жасы – 40,5 жас болса, олардың үштен бірі, яғни 33,2 пайызы – 35 жасқа дейінгі жастар. Ал мемлекеттік қызметшілердің орташа еңбек өтілі 12 жылды құрайды. Сонымен қатар, кадрлық құрамның 56,2 пайызын әйелдер құрайды, ал басшылық лауазымдардың 40 пайызға жуығын нәзік жандылар атқарып отыр.

Салтанатты жиында мемлекеттік қызметшілердің қоғам мен азаматтар арасындағы өзара байланысты нығайтудағы, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы маңызды рөлі ерекше атап өтілді. Осы орайда мемлекеттік құрылымдардың үздік қызметкерлері мен сала ардагерлері Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталды. Іс-шараның екінші бөлігінде кәсіби семинар ұйымдастырылып, қатысушылар Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға енгізілген соңғы өзгерістер мен жаңашылдықтарды талқылады.

жасы – 29, ал күйеу жігіттердің жасы 32-ні құрайды. Статистикаға сүйенсек, биыл некеге тұруға өтініш бергендердің арасындағы ең үлкен азамат – 92 жастағы ер адам. Сонымен қатар, заңнамада көзделген тәртіппен арнайы рұқсат алған ең жас жұп 16 жасында шаңырақ көтерген.

«Алматы қаласында неке тіркеу көрсеткішінің жоғары болуы мегаполистің демографиялық белсенділігін көрсетеді. Біз азаматтарға қолайлы әрі ашық қызмет көрсету үшін процестерді үнемі жетілдіріп келеміз. Өтінішті онлайн беру және салтанатты рәсімді алдын ала брондау тұрғындардың уақытын едәуір үнемдейді», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы филиалының өкілдері.

Ерекше даталарға қызығушылық жыл сайын артып келеді. Ал 26.06.2026 талай жұп үшін жаңа өмірдің бастауы болып есте қалады.

26.06.26.

ерекше күнді таңдады

2026 жылдың 26 маусымы жас жұбайлар үшін айрықша күн болмақ. Символикалық мәні бар 26.06.2026 датасында некесін қиюға қала бойынша 830 жұп өтініш беріп, Алматы еліміз бойынша көш бастап тұр.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы филиалының мәліметінше, ерекше әрі есте қаларлық күн ретінде таңдалған бұл дата жастар арасында үлкен қызығушылық тудырған. Сандардың үйлесімі көптеген жұп үшін отбасылық өмірдің жарқын бастауын білдіретін ерекше белгіге айналып отыр.

Жалпы, жыл басынан бері Алматыда 7 мыңға жуық неке тіркелген. Орташа есеппен қалыңдықтардың

Шаһар шаттығы

Алматыда 17 498 сәби өмірге келді

Шаһарымыздағы демографиялық өсіп түрақты қарқынын сақтап келеді. Жаңа туған нәрестелер санының жыл сайын артуы қала халқының табиғи өсімінің жоғары екенін көрсетеді. Оған дәлел – осы жылдың басынан бері Алматы қаласында 17 498 сәбидің дүниеге келгені.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қалалық филиалының мәліметінше, олардың 9 116-сы – ұл бала, ал 8 382-сі – қыз бала екен. Сәбилі болған ата-аналар ұл балаларға көбіне Алан, Әлихан, Мұхаммед есімдерін қойса, қыз балалар арасында Айлин, Асылым, Томирис ең танымал есімдер көрінеді.

Қазіргі таңда баланың тууын тіркеу рәсімі бірнеше тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Сәби дүниеге келгеннен кейін бір тәулік ішінде ананың телефон нөміріне 1414 қысқа нөмірінен құттықтау SMS-хабарлама жіберіліп, қажетті мәліметтер сұратылады. Осылайша қызметті проактивті форматта рәсімдеуге болады. Сонымен қатар, туу туралы куәлікті екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары, электрондық үкімет порталы және Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы да алуға мүмкіндік бар.

Мемлекет тарапынан жаңа туған нәрестелерге біржолғы жәрдемақы төленеді. Бірінші, екінші және үшінші балаға 38 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде, ал төртінші және одан кейінгі балаларға 63 АЕК мөлшерінде төлем қарастырылса, егіздер, үшемдер, төртемдер дүниеге келген жағдайда жәрдемақы әр балаға жеке-жеке тағайындалады.

Әзірлеген

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

САРАП-TIME

ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

Инвестиция мен ішкі сауда көлемі артты



	2026 ж. қаңтар-сәуір	2025 ж. қаңтар-сәуір
Туғандар	99 380	106 111
Қайтыс болғандар	42 202	42 628
Табиғи өсім	57 178	63 483
Некелер	29 688	31 400
Ажырасулар	14 789	13 759

Табысты жыл

Енді экономикалық көрсеткіштерге тоқталайық. Бұл өте күрделі статистикалық мәліметтерден құралады. Статистика бюросының әдіснамасында ол мынадай көрсеткіштерден тұрады:

- Баға статистикасы;
- Қысқа мерзімді экономикалық индикаторлар;
- ЖІӨ;
- Инвестициялар статистикасы;
- Ішкі сауда статистикасы;
- Сыртқы және өзара сауда статистикасы;
- Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы;
- Өнеркәсіп өндірісінің статистикасы;
- Құрылыс статистикасы және тұрғын үй құрылысы;
- Көлік статистикасы;
- Байланыс статистикасы;
- Кәсіпорын статистикасы;
- Кәсіпорын статистикасы;
- Шағын және орта кәсіпкерлік;
- Ірі және орта кәсіпорындардың қаржысы.

Бұл көрсеткіштердің ішінде инвестиция деңгейі мен ішкі сауданың маңыздылығын атап өткен жөн. Соңғы 1-2 жылда сарапшылар инвестиция көлемі азайғаны туралы айтып келеді. Алайда, биыл оның көлемі артқан. 2026 жылы қаңтар-мамырда негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 6742,3 млрд. теңгені құрады. Бұл 2025 жылғы қаңтар-мамырдан 7% көп. Инвестициялардың едәуір бөлігі өнеркәсіпке (42,9%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (19,3%), көлік және қоймалау (16%), сондай-ақ ауыл, орман және балық шаруашылығына (5,5%) тиесілі.

Ішкі сауда көлемінде де тұрақты өсім байқалады. 2026 жылы қаңтар-мамыр айларында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,6% өскен. Сауда көлемі бойынша жетекші өңірлер қатарында Алматы (жалпы көлемдегі үлес салмағы – 34,5%) және Астана (13,9%) қалалары, сондай-ақ Атырау (11,5%) және Қарағанды (6,1%) облыстары мен Шымкент қаласы (5%) бар.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

Коллаж: Н.ӨРІСҰЛЫ.

15 маусымда Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты кезекті журналды жариялады. Жариялымда 2026 жылғы қаңтар-мамыр айларындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері қамтылған. Мақалада осы ресми статистикалық мәліметтерге сүйеніп, негізгі позитивті көрсеткіштерге тоқталамыз.

Орташа жалақы өсіп, туу көрсеткіші төмендеген

Статистика бюросының әдіснамасында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері күрделі және ауқымды статистикалық мәліметтерден құралған. Әлеуметтік көрсеткіштерге мыналар кіреді:

- Халықтың саны, табиғи қозғалысы және көші-қон;
- Халықтың табысы;
- Жұмыспен қамтылу;
- Кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбекақы.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, биыл халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы өскен. 2026 жылы наурызда орташа табыс 249

808 теңгені құрап, былтырғы тиісті аймен салыстырғанда 10,6% жоғары болды. Қаңтар, ақпан айларында осындай өсім тіркелген. Алайда, нақты ақшалай табыс көрсеткіші төмендеген. Бұған өткен жылғы инфляция әсер еткен.

	2026 ж. наурыз	2025 ж. наурыз
Атаулы ақшалай табыстар индексі	110,6	110,2
Нақты ақшалай табыстар индексі	99,6	98,7

Дегенмен, Үкімет халықтың нақты ақшалай табыс деңгейінің төмендеуіне байланысты дағдарысқа қарсы жоспар қа-

былдады. 10 маусымда Үкімет халықтың табысын арттыруға бағытталған кешенді жоспарды бекітті. Ол 2026–2029 жылдарды қамтиды. Құжат 59 іс-шараны қамтиды. Жоспар 6 бағыттан тұрады: жалақыны арттыру, сапалы жұмыс орындарын ашу, адами капиталды дамыту және жұмыспен қамту, инфляцияны төмендету және нақты табысты арттыру, салық және әлеуметтік шаралар, халықтың қарыз деңгейін төмендету және қаржылай белсенділікті арттыру.

Әлеуметтік дамудың басты көрсеткіштерінің бірі туу және табиғи өсім болып саналады. Бұл бағытта көрсеткіштер төмендеген. 2026 жылғы қаңтар-сәуірде (99 мың) өткен жылғы тиісті кезеңмен (106 мың) салыстырғанда туу саны азайған. Қайтыс болғандар санында алшақтық байқалмады. Сондықтан табиғи өсім баяулаған. Тіркелген неке мен ажырасулар санында да кері кету байқалады. Биыл неке саны көп, ал ажырасу көрсеткіші артқан.

Жалпы мұндай демографиялық көрсеткіштер беби-бум кезеңінің аяқталғанын аңғартады. Бұл тенденция бірнеше жылға созылуы мүмкін.

FARABI HUB

ЖАСТАР ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ ЖАҚТАЙДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Farabi Hub алаңында технологияға тыңғылықты, диджитал үдерістерге үйірсек жастар – еліміздің түкпір-түкпірінен келген студенттер мен мектеп оқушылары бас қосты. Ауқымды жиынның басты себебі – AFM AI Hackathon 2026 технологиялық марафоны. Жобаны Қаржылық мониторинг агенттігі, Алматы қаласы әкімдігі және Қазақ ұлттық университеті бірлесіп ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында өткен байқаудың басты мақсаты – жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану, экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алуға арналған заманауи цифрлық шешімдерді әзірлеу.

Биылғы хакатонның мән-маңызы ерекше. Ерекше байқауға қатысуға еліміздің әр өңірінде тұрып жатқан 400-ден астам жас



өрен ниет білдірген. Нәтижесінде, 200-ге жуық команда құрылған. Қаржылық мониторинг агенттігінің Цифрландыру департаментінің басшысы Рашид Оразбек мұндай жобалар елдің технологиялық әлеуетін арттыруға ықпал ететінін айтты.

Қатысушылар үш негізгі бағыт бойынша өз жобаларын әзірледі. Digital Shadow бағыты даркнет пен ашық дереккөздерді (OSINT) мониторингтеуге арналса, AI Shield деректерді қорғауға арналған жасанды интеллект алгоритмдерін әзірлеуді негіз етті. Ал AI

Media Watch қаржы пирамидалары мен заңсыз құмар ойындарды медиакөңілсіздікте автоматты түрде анықтайтын шешімдер жасауға бағытталды.

Хакатон бағдарламасының алғашқы күнінде командалар өз жобаларын әзірлеп, код жазды. Сонымен қатар, сарапшылардан кеңес алып, өз идеяларын жетілдіру жолында шыңдалды. Байқауға әр түрлі өңірлерден келген жастар да ерекше қызығушылық танытқан. Солардың бірі – Қызылордадан келген 11-сынып оқушысы Алуа Рысбай.

– Хакатон туралы мектептегі чаттан көріп, мүмкіндікті жіберіп алмайық дедік. Бізді жақсы қарсы алды. Ұйымдастыру деңгейі жоғары. Мектебіміздің намысына қорғап, жүлделі орын алуға тырысамыз, – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, мұндай бастамалар жастардың цифрлық технологияға деген қызығушылығын арттырып қана қоймайды, мемлекеттік органдардың жұмысын жетілдіретін нақты инновациялық шешімдердің пайда болуына, соны сипатта жүзеге асуына жол ашады.

Дастан ҚАСТАЙ,
Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЛШАҚТЫҚТЫ АЗАЙТҚАН ЖОБА

Алматы қаласы Білім басқармасы мен EDU Stream Халықаралық тіл академиясының «Мектепке арналған мектеп» әлеуметтік жобасы сәтті аяқталды. Аталмыш жоба білім берудің ұзартылған тиімділігі үшін қоғамдық бастамаларды біріктіру арқылы атаулы көмек, қолдау және тәлімгерлік арқылы мектептер мен оқушылардың ата-аналарының әлеуетін ашуға бағытталған болатын.



Мектептер арасындағы сәйкессіздікті жоюға бағытталған бастама білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін сапалы, бейімделетін және психологиялық қолайлы орта құрудың тиімді құралы

болатынын көрсетті. «Мектепке арналған мектептің» пилоттық нұсқасы аясында жыл бойы «1 Мектеп-Ментор + 6 Мектеп-Менти» үлгісінде нүктелік жұмыстар жүргізілсе, О.Жандосов атындағы №105

гимназия тәлімгер, №47, №20, №40, №171, №121, №66 жалпы білім беретін мектептер – тәжірибелік тәлімгерлік бағдарламасын жүзеге асыру кезеңінде барлық қолдау бастамаларына ие болды.

2025-2026 оқу жылында жүзеге асқан жоба мектеп оқушылары, ата-аналар мен педагогтер үшін тартымдылық деңгейі бойынша қала мектептерін теңестіру арқылы білім беру секторындағы сәйкессіздіктерді жоюды басты мақсат еткен. Жоба бастамашылары менеджерлік персонал, мектеп басшылары үшін халықаралық және республикалық іс-шаралар, таланттарды бағалау және дамыту бойынша вебинарлар, команда динами-

касын басқару және БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау үшін фасилитация құралдары бойынша оқыту сессиялары сынды жеті бағытта жұмыс атқарды.

Аталмыш жоба басқарушы қызметкерлерге, мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және оқушылармен жұмыс істеуге бағытталды. Педагогтер жасанды интеллект құралдарын, қаржылық сауаттылық әдістерін, «қабырғадан тыс оқыту» және әлеуметтік-эмоциялық оқыту тұжырымдамаларын меңгерді.

– «Мектеп үшін мектеп» әлеуметтік жобасы орта білім беру жүйесіне «мектеп-ментор-мектеп-менти» модулін енгізу білім сапасын теңестіруге, беделді гимназиялар мен типтік мектептер арасындағы алшақтықты жойып, оқушылар үшін заманауи, бейімделетін және психологиялық қолайлы орта құруға мүмкіндік беретінін көрсетті, – дейді EDU Stream Халықаралық тіл академиясының бас директоры Наталья Мұхамеджанова.

Оның айтуынша, бағдарлама аясында педагогикалық қызметкерлер жоғары белсенділік танытқан. Сонымен қатар, оқушылармен жұмыс «таулардағы қауіпсіздік» бағдарламасына 80-нен астам оқушының қатысуын және төрт мектептің оқушылары үшін көшбасшылық сессия өткізуді қамтыды (№47, 105, 171, 20). Бұдан басқа, эмпатия мен өзін-өзі бақылауды дамыту жөніндегі іс-шаралар 53 педагог үшін табысты өткізілді.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Барымыз – балаларға

Алматыда оқушыларға арналған жазғы сауықтыру науқаны жалғасуда. Бұл туралы қалалық Білім басқармасының өкілдері хабарлады.

15 маусымда Білім басқармасына қарасты «Өрнек» балалар сауықтыру лагерінде алғашқы ауысым басталды. Сонымен қатар, Алматы облысындағы қала сыртындағы лагерьлерге де балаларды қабылдау қолға алынды.

Жазғы демалыстың алғашқы легімен мыңнан астам бала қамтылды. Биыл жалпы әлеуметтік осал санаттағы 2,5 мыңнан астам балаға, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар 300 балаға қала сыртындағы лагерьлерде демалыс ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, 200 дарынды оқушы мен әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталықтарында демалады.

Маусым айында қаланың барлық дерлік білім беру ұйымында жұмыс істеген мектеп жанындағы лагерьлер де жұмысын аяқтады. Оларға шамамен, 190 мың оқушы қатысып, 40 мыңға жуық бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Жалпы, жазғы науқан аясында Алматыдағы 1–10-сыныптарда оқитын оқушылардың 98,7 пайызын, яғни 294 мыңнан астам баланы қамту жоспарланып отыр.

Балалар үшін спорттық жарыстар, шебердің сабақтары, зияткерлік ойындар, экскурсиялар, танымдық және дамытушы іс-шаралардан тұратын мазмұнды бағдарлама әзірленген. Сонымен қатар, оқушылардың қауіпсіздігі, денсаулығын нығайту және жайлы демалыс жағдайын жасауға ерекше көңіл бөлініп отыр.



Арман ауылдан басталады

Шаһарда IQanat республикалық олимпиадасының финалы аса тартымды деңгейде өтті. Оқушылар арасындағы зияткерлік бәсекеге Қазақстанның әр өңірінен бірнеше кезеңнен іріктеліп келген дарынды балалар қатысты.

Финалдық бәсекеде 1000-нан астам талантты оқушылар бақ сынады. Осылайша қаламыздағы бәсекелі жарыс әлемдік деңгейде білім алып, ғылым мен бизнесте табысқа жетуге қабілетті таланттар тек ірі қалаларда емес, ауылдарда да өсіп келе жатқанын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Тоғыз жыл бұрын басталған IQanat бүгінде жәй олимпиада емес, ауыл оқушыларына арналған тұтас білім беру экожүйесіне айналды. Жоба аясында балалар менторлармен жұмыс істеп, ағылшын тілін меңгереді, халықаралық емтихандарға дайындалады, кәсіби бағдар алып, әлемнің жетекші университеттеріне түсу мүмкіндігін иеленеді. Бұл қала мен ауыл арасындағы білім беру алшақтығын азайтуға бағытталған ең ірі бастамалардың бірі саналады.

Биыл 125 оқушы IQanat High School of Burabay мектебінде білім алуға грант жеңіп алды. Бұдан бөлек, тағы 100 қосымша және серіктестердің арнайы атаулы гранттары табысталды. Жеңімпаздардың бірі – Түркістан облысы, Ордабасы аудан-

нындағы Ынталы ауылының тұрғыны Нұрасыл Қалдыбай. Ол мақсатына жету үшін күн сайын 8–10 сағат дайындалғанын айтады. Бұл жетістіктің артында табандылық пен еңбек жатқанын көрсетеді.

Финал барысында жобаның тағы бір түлегі Әлішер Болатовтың табыс жолы таныстырылды. Ауыл мектебінен шыққан оқушы IQanat арқылы білім алып, кейін Литва университетіне түсіп, Чехиядағы академиялық бағдарламаларға қатысып, бүгінде халықаралық компанияда қызмет атқарып жүр. Оның айтуынша, жоба тек білім ғана емес, адамдардың бір-біріне қолдау көрсету мәдениетін де үйреткен.

Сарапшылар адам капиталына салынған инвестиция ең тиімді инвестиция екенін жиі айтады. IQanat жобасы осы қағиданың нақты дәлелі іспетті. Бүгін ауыл мектебінде білім алып жүрген балалар ертең дәрігер, инженер, ғалым немесе кәсіпкер болуы мүмкін.

Алматыдағы финалдың басты сабағы да осы – мүмкіндік берілген жерде нәтиже міндетті түрде болады. Бәлкім, марапатталған мың оқушының арасында болашақта Қазақстанды әлемге танытатын тұлғалар жүрген шығар. Өйткені, үлкен жетістіктердің бастауы көбіне шағын ауыл мектебінен басталады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

Сурет: Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КӨСЕМСӨЗДІҢ ДЕ ҚҰЛАГЕРІ

Ілияс Жансүгіровтің журналистік жолы хақында

Ұлт журналистикасының тағылымнамасы мен тәлімияты тым тереңде: көк түрік кезеңіндегі асқақ мәтіндер бедерінде, тарихи сарынға толы коммуникация әдебінде. Прото-қазақтардың дүниепайым мен дүниетаным жаратуы, білім қалыптастыру формалары, санауи өзгешеліктерінің дені бағзы-журналистика элементтерінен табылады. Біздің төл ақпарат та адамзат эволюциясынан тыс қары тұрмайды.

редакциясында партия тұрмысы бөлімінің бастығы болып істеуші едім. Редакцияға келісімен Ілияс газетке іле-шала бірнеше фельетон жариялады. Ұлы жазушы М.Горькийдің «Мен жазуды қалай үйрендім», «Жас жазушыларға» деген мақалаларын қазақ тіліне аударып бастырды. Бұлар газеттің өңін ашып жіберді. Бізде бұрын фельетонистер Бейімбет Майлин, Аманғали Сегізбаев, Қадыр Тайшықов еді. Олар да қызықты, келісті етіп жазар еді. Ал Ілиястың фельетондарынан өзгеше, күштірек, қызықтырақ болып шықты», – деп ерекшелеп, бөгенайы бөлек тілші екенін жазып кеткен.

Қазіргі журналистикамыздың ақылман ақсақалдарының бірі, ұстазымыз Кәкен Қамзиннің айтуына қарағанда, 1972 жылы ұстазы, профессор Қайыржан Бекхожин де дәріс үстінде Ілиястың тұңғыш журналист екенін шетжағалап айтып, айғақ болар құжаттардың Орталық архивте жатқанын жеткізген. Профессор Кәкен Қамзин Жансүгіровтің кереге газеті жайлы көзқарасын талдап, «Кереге – қазіргі қазақ журналистикасы қисынының төлбасы» деп санайды. «Өйткені, журналистика терминдері, жанрлар жүйесі, басылымдарға қатысты ерекше атаулар, газет технологиясы мен дизайны туралы түсінік тек сол салада білім алған адамның ғана ойынан өрбімек. Айдар (рубрика), қалыптау (верстка), ескерме (реплика) деген терминдердің иесі кім деген сұраққа біз дәл қазір еш бөгелместен Жансүгіров деп жауап бере аламыз», – деп тұжырымдайды.

Тұңғыш кәсіпқой тілшінің ұшан-теңіз еңбегін түсіну мақсатында Ілияс Жансүгіровтің өмір енегесі мен еңбек жолына үңілеміз. «Мен далада өскен қазақтың баласымын. Ойын-сауық, алыс-жұлыс, той, өлең, айт, айтыс, ат шабу – менің біте қайнап бірге өскен таныс әдеттерім. Бұл әдеттер мені қайда жүрсем де иектейді. Ең аяғы газет оқысам да, өлеңдерім, кекесін әзілдерім, шашауларым қарастырғыламын», – деп жазады Жансүгіров.

Оның тілшілік қызметі Ташкендегі қазақ-қырғыз институты жанындағы оқытушылар даярлайтын екі жылдық мерзімді курсқа түскеннен кейін басталды. Жансүгіров институтта бір қыс қана білім алса да, «Ақ жол» газетіне жұмысқа орналасып, корректор қызметін атқарады. «Жас Алаш» газетінің (Фани Мұратбайұлының ұйымдастыруымен) алғашқы нөмерлерін басуға белсене қатысады. 1921 жылдың 22 наурызында жарияға шыққан газетке арнап «Жас замандастарға» деген бас мақала жазады. «Менің алғашқы баспасөзге бірінші шыққан мақалам осы», – дейді І.Жансүгіров.

Бірақ зерттеуші Батыр Қалмырзаев өзінің «Ілияс Жансүгіров және «Қазақ» газеті» мақаласында: «Шын мәнінде Ілиястың алғашқы мақаласы «Қазақ» газетінің бетінде басылыпты» деп тұжырымдайды. Мұны сол кездегі саяси себептерге байланысты ашып айтпады, «Қазақ» газеті тіпті соңғы кезге дейін ұлтшыл, буржуазияшыл, либералшыл орган деп саналып келді деп дәйектейді.

«Көсемсөз Құлагері» 1923 жылдың басында «Тілші» (қазіргі «Жетісу») газетіне тілші болып жұмысқа орналасады. Бұл жайлы: «Менің қалам қызметімен айналысқаным – осы 1932 жылдан. «Тілшіден» мақала, оқшау өлең жаза бастадым. «Жетісу әйелі» деген бір журнал шықты. Онда бір өлең, бір әңгіме басылды. Сол «Тілшіге» күні бүгінге шейін жазып тұрам. Ташкенттегі «Жас қазақ», «Сана», «Шаншар» журналдарына материалдар жібере бастадым. Бұлардың басылғандары да, басылмағандары да болды», – деп жазады өз өмірбаянында.

Ұстаз ғалым-профессор Темірбек Қожакеев «Журналист Жансүгіров» деген мақаласында: «Журналист Жансүгіров

мұрасының басты ерекшелігі – құнары тілінде. Қазақ тұрмысының әсерлі, шынайы елесі, ой-пікір бейнелілігі, табылған теңеу, келісті портрет, күлкілі қимыл-әрекет оқырманды мейлінше тұшындырып тамсандырып тартып отырады. Әсіресе жазушы-журналист образды ойлауға, айтпақ пікірді бейнелеп жеткізуге шебер», – деп нақтылай түседі.

Біздіңше, Ілияс Жансүгіров қазақ журналистикасын жанрлық тұрғыда молынан байытқан, саланың ағартушы-тәрбиеші функциясын өзек еткен, аналитика, сын жазуға төселген қаламгер. Мәселен, Абай шығармаларына қатысты: «Абайдың жалпы өлеңінің дені сау, тілі таза... Абайдың тарихи зор еңбегі «тіл өнерін жасап, қазақтың тілінен үлгілі, өнер-әдебиет тілін жасағандығы», – деп қалыптасқан абайтанушы есепті қорытынды жасайды.

Кәсіпқой журналист қашан да фактіні алға тарта отырып жазады. Жансүгіровтің шығармашылында дерек мол, гидронимдер, топонимдер, өсімдік атаулары, табиғат құбылыстары, заман кейіпкерлерінің тағдырлары тізбектеле шиыршық атады. Ал экономика, әлеумет арасы, оқу-ағарту, әскери дайындық мәселелері, тарих, фольклор, әдебиет пен баспасөздің жайкүйі хақындағы салықалы ойлары мен ұстанымдары мұрағаттарда сайрап жатыр. Тіпті, отаршылардың озбырлығын ашып баян қылады. Мұның өзі Жансүгіровтің журналистика стандарттарын барынша меңгергенін, кәсіби қызметке молынан машыққанын, болат қаламының бағдарына өмір шындығы – реализмді өзек еткенін аңғартады.

Жансүгіровтің газетке қатысты «Көп оны ақылшым, хабаршым деп құнығып алады» деген байламы Байтұрсынұлының баспасөз функцияларына берген анықтамаларына үндес. Ал «Сөздер келте, жинақы, ықшам болуға тиіс. Ұзын, шұбалаң мақаланы, хабарды ешкім оқымайды... Кейбіреудің бір табақ қағазға жазып айтатын сөзінің дәні кейде екі-үш-ақ жинақы сөйлемде тұрады» дегені бүгінге дейін өзекті әрі замани журналистика талаптарына сай келіп тұр. Демек, Жансүгіров бәрін жақсы түсінген, өз ісін жетік білген.

Дастан ҚАСТАЙ.

Қара шаңырақта бас қосты

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстан журналистика академиясының бірлескен көшпелі отырысы өтті. Айтулы іс-шара заманауи ғылым мен медианың тоғысқан тұстарын айқындаған маңызды алаңға айналды.

БАҚ өкілдері алдымен университеттің ғылыми-инновациялық әлеуетін таныстыратын арнайы кампус-тур аясында ҚазҰУ-дың озық ғылыми орталықтарын аралады. Журналистер Қазақстан-Қытай «Қашықтықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану» бірлескен зертханасы, Farabi Supercomputer Center және Ми институты, Farabi Hub инновациялық өнімдер орталығы мен Farabi Robotics робототехника орталығы қызметімен танысты.

Көшпелі отырысты ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, БАҚ қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. Университет басшысы заманауи медиа кеңістіктегі бәсекелестік заманында сапалы кадр даярлаудың маңызын атап өтіп, оқу орнының журналистика саласындағы тарихи миссиясына тоқталды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – отандық журналистика білімінің алтын бесігі, қара шаңырағы болып қала береді. Біз үшін журналист даярлау – жәй ғана диплом беру емес, елдік мүддені ту еткен, сөзіне де, ісіне де



жауапты тұлға қалыптастыру», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Қазақстан журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев әріптестерін құттықтап, әділетті Қазақстанды қалыптастырудағы

баспасөз өкілдерінің маңызды миссиясын атап өтті. Жиын барысында отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан сала үздіктеріне арнайы марапаттар мен Алғыс хаттар табысталды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

АЛМАТЫ – МЕДИАҚАЛА

Алматы – тіршілігі қайнаған мегаполис қана емес, аймаңдай ақпарат алаңы. Шаһардың тыныс-тіршілігі де аса кең, тіпті, жүрдек уақыттың өзі Алматыда еселене түсетіндей әсер қалдырады. Журналистер қаланың батысы мен шығысын, түстігі мен терістігін қатар кезіп, оқиғаны баяндап, жедел репортаж жазып, толымды ақпарат таратып жатады. Алып қаладағы ақпарат үлесі еш кемімейді, ақпарат тасқыны бір тынбайды.

«Almaty aqparat» та Алатау баурайынан қарт шаһарға қарай аласұрып аққан асау өзен тақылеттес арындап, айдай әлемге шиыршық атып жатыр. Өз сөзі, өз өрнегі, өз әдебі, өз арнасы бар...

Алматыдағы журналистика – желтабан журналистер аламаны. Алматыдағы журналистика – офис аясынан тыс кеңістік. Кейде кеңсе құшағынан шықпай-ақ жазуға болатын мәтіндер болады. Мұндай дерекнамаларға ғалымдар «кеңсе медиасы» деген атау да беріп үлгерген. Алайда, алматылықтар әлеуметтік медиа қолданушыларының реакцияларын бақылап, пікірлерін шолып, онлайн сыпатта хат жолдап отыратын «әнтек әрекеттерге» қызыға бермейді. Түн қатып жүріп әуежайға барады. Таң бозы-

нан Олимпиада, паралимпиада ойындарының жүлдегерлерін қарсы алады, жетістігі мен қынжылысы хақында сұрақ сұрайды.

Кешқұрым Алматының абыр-сабыр өміріне құстары да үн қатып, бақтарда сайрап, ән салады. Қызылшапақ күннің сәулесі сіңген ғимараттарда түрлі іс-шаралар өтіп жатады. Мұның бірде-бірі алматылық журналистердің назарынан қалыс қалған емес.

Бірде Алатаудың асқаралы шыңдарында қалып қалған туристерді құтқаратын тікұшақ қызметі жайлы жаздық. Қазақ елінде құралған ЕС 145 тікұшағы қалаға жетіп, ортамызға қонған кезде айналамыз алай-дүлей бұрқасынға ұласып, арқа тұстан шаң борап, ұсақ, ноқат тастар жауып кетті. Бірақ журналистер қаймықпады, тартынбады. Құдды құмды дауыл арасынан шыққан қаһармандардай қасқайып тұрып хабар таратып жатты. Туристердің жай-күйі, құтқарушылардың ересен еңбегі, ерен шешімі сөз болды. Мадақ пен одадан ада, шынайы, шыралы лепесін айтты.

Иә. Алматыдағы журналистика – жанкештілер қызметі. Жанкешті журналистер күн кешіп жатыр бұл қалада. Әріптестерімнің әрбірін мақтан тұтамын. Мен де алып шаһардың тынысын барлаған әрбір сәтімді ерлігім әрі бақытым деп білемін. Ұзағынан болғай!

Дастан ҚАСТАЙ.



ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС



Сағымбай
ҚОЗЫБАЕВ,
профессор,
Журналистер
академиясының
президенті:

ЖАНЫМА ЖАҚЫН ҰЖЫМ

Құрметті әріптестер! Сіздерді Журналистер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

«ALMATY AQPAPAT» – менің жаныма жақын ұжым. «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» газеттерінің бүгінгідей ақпарат ағыны толассыз заманда өз оқырманын сақтап қалуы қуантады. Әсіресе, интернет дәуірінде «Алматы ақшамының» төл болмысын жоғалтпай, көпшілік сұранысынан шығып келе жатқаны сүйсіндіреді.

Алматы – еліміздің ең көрікті әрі өркендеген қалаларының бірі. Шаһардың келбеті күн сайын жаңарып, мәдениеті мен рухани өмірі қатар дамып келеді. Осындай әсем әрі қарқынды өсіп жатқан қаланың тыныс-тіршілігін, жетістіктері мен жаңашыл бастамаларын кеңінен насихаттап жүрген ақпарат құралдарының еңбегі айрықша.

Мен бұл газеттердің тарихын да, қалыптасқан дәстүрін де жақсы білемін. Қай кезеңде болмасын қала өмірін жан-жақты көрсетіп, қоғамның өзекті мәселелерін көтеріп, оқырманмен тығыз байланыс орната білген баспасөз әрдайым құрметке лайық. Бүгінде де шығармашылық ұжым осы жауапкершілікті абыроймен атқарып келеді деп есептеймін.

«Журналистика – өнер» деген қағидат бар. Өнер болғанда да биік өнер. Себебі, журналист қоғамның айнасы ғана емес, оның ой-санасына ықпал ететін тұлға. Сондықтан қалам ұстаған әр тілшінің кәсіби білімімен қатар мәдениеті, дүниетанымы мен азаматтық ұстанымы да жоғары болуы керек. Жас журналистердің осы биік өнерді меңгеріп, сөздің қадірін түсінетін маман болып қалыптасуын қалаймын.

«Алматы ақшамы» – осы талаптардың үдесінен шығып келе жатқан басылым. Қалыптасқан дәстүрді сақтай отырып, заман талабына сай жаңаша сипатта дамуы, жастардың шығармашылық ізденіспен еңбек етіп жатқаны қуантады.

Бүгінгі ақпарат кеңістігінде нақты дерек ұсынып, оқырман сенімін сақтау бұрынғыдан да маңызды. Осы жолдағы еңбектеріңізді жоғары бағалаймын, кәсіби ізденістеріңіз бен шығармашылық табыстарыңызға әрдайым сүйсініп қараймын.

Жасай беріңіздер! Басылымға толағай табыс, ұжымға ұйымшылдық тілеймін. Әрдайым шығармашылық биіктен көріңіздер. Мен сіздерді жақсы көремін.



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты,
«Бас редакторлар
клубы» қоғамдық
бірлестігінің
жетекшісі:

ЖУРНАЛИСТІҢ БАСТЫ КАПИТАЛЫ – СЕНІМ

Блогер мен журналистің жауапкершілігі арасында айырмашылық туралы жиі сұрақтар қойылып жатады. Мен бұл мәселені ең алдымен заңнамалық және қоғамдық жауапкершілік тұрғысынан қарар едім. Қазақстанда журналистің қызметі масс-медиа туралы заңнамамен реттеледі. Оның кәсіби құқықтары мен міндеттері, ақпаратты алу, тексеру, жариялау тәртібі, сондай-ақ редакциялық жауапкершілік заңмен белгіленген. Ал блогерлердің қызметі онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заң аясында реттеліп, олардың да құқықтары мен міндеттері айқындалды. Инфлюенсерлер жалған ақпарат таратуға, жасырын жарнамаға, азаматтардың құқығын бұзуға жол бермеуге міндетті.

Алайда, құқықтық реттеу болғанымен, журналист пен блогердің қоғам алдындағы миссиясы бірдей емес. Журналистің басты капиталы – сенім. Ол ақпаратты бірнеше дереккөз арқылы тексеруге, барлық тараптың пікірін беруге, фактіні пікірден ажыратуға міндетті. Оның әр материалы редакциялық және құқықтық жауапкершілік аясында дайындалады.

Ал блогердің негізгі ерекшелігі – жеке пікір мен аудиторияға ықпал ету мүмкіндігі. Бұл да қоғам үшін маңызды институт. Бірақ жеке көзқарас кәсіби журналистиканың стандарттарын алмастыра алмайды.

Меніңше, бүгінгі қазақстандық журналистиканың ең үлкен мәселесі – ақпарат тапшылығы емес, сенім тапшылығы. Цифрлық дәуірде жаңалықты бірінші болып жариялау қиын емес. Ең қиыны – қоғамға тексерілген, толық әрі әділ ақпарат ұсыну. Сондықтан бүгін журналистиканың басты міндеті өзгерген жоқ. Ол – қоғамдық пікірді басқару емес, қоғамның дұрыс ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету.

Заң үстемдігі қағидаты тұрғысынан журналист те, блогер де заң алдында тең. Бірақ кәсіби журналистке қойылатын талап жоғарырақ. Өйткені, журналист тек өз аудиториясының емес, бүкіл қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі мен қоғамдық сеніміне қызмет етеді. Сондықтан болашақтың басты өлшемі аудитория саны емес, сенім капиталы болады. Ал сенімнің негізі – кәсіби этика, заңға құрмет және тексерілген ақпарат.



Дана НҰРЖИГИТ,
тележурналистика
майталманы:

МИССИЯМЫЗ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Мен журналистиканы жәй ғана мамандық демес едім, ол мен үшін өмір салты. Бұл салаға кездейсоқ келген адам ұзақ тұрақтай алмайды. Өйткені, журналист болу – қоғамда болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарай алмау, ақиқатты іздеу және оны жұртшылыққа жеткізу деген сөз. Кейде бір материал үшін отбасыңды, жеке уақытыңды кейінге ысыруға тура келеді. Сондықтан журналистика ең алдымен жан-тәніңмен берілуді талап ететін кәсіп деп есептеймін.

Журналистиканың сапасы қаржылық мүмкіндікпен емес, журналистің кәсіби деңгейімен өлшенеді. Әрине, материалдық тұрғыдан еркін адамның іссапарға жиі шығуына, көбірек кейіпкермен жұмыс істеуіне мүмкіндігі болады. Бірақ бұл оның материалы міндетті түрде терең болады дегенді білдірмейді. Барлығы журналистің біліміне, ойлау деңгейіне және өз ісіне деген жауапкершілігіне байланысты.

Бүгінде медиа кеңістігі үлкен өзгерістерді бастан өткізіп жатыр. Қазір контент өндіремін деген адамға мүмкіндік көп. Ал кәсіби журналистер үшін бұл – тәжірибені жаңа форматта жалғастырудың жолы. Сонымен бірге, мен қоғамдағы әрбір оқиғаға үн қосуды жарысқа айналдырған үрдісті қолдамаймын. Біз пікір мен фактінің айырмашылығын ұмытпауымыз керек. Қазір ақпарат айдынында эмоция көбейіп кетті. Ал шынайы журналистика салқынқанды сараптауды, уақытты және дәлелді қажет етеді. Сондықтан мен әрдайым фактіге сүйенетін, объективті журналистиканың жағындамын.

Мен журналистиканың болашағына сенемін. Технологиялар өзгереді, платформалар жаңарады, аудиторияның талғамы құбылады. Бірақ журналистиканың басты миссиясы өзгермейді. Ол – қоғамды ойландыру, маңызды мәселелерді көтеру және ақиқатқа қызмет ету. Сондықтан барлық әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын. Қаламдарыңыз мұқалмасын, ізденістеріңіз толастамасын, еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!

ЛЕБІЗ



Әнуарбек ӘУЕЛБЕК,
Қазақстанның Құрметті
журналисі, ақын:

Журналистер қауымының бір жадырап қалатын мерекесі де келіп қалыпты. Баршаңызды, қалам ұстап күнелтіп жүрген жанкешті жандарды кәсіби мерекемізбен шын жүректен құттықтаймын! Қаламдарыңыз мұқалмасын!

Қаламдарыңыз мұқалмасын!

Журналистика қызығы да, шы- жығы да көп сала ғой. Баяғыда, енді ғана осы салаға келгенде, «Лениншіл жас» («Жас Алаш») газетінде үлкен қате жіберіп қойып, жұмыстан шығып қалуға шақ қалғаным бар. Ол кезде редакторы атақты Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз. Облыстық партия комитетінің хатшысын «бірінші хатшы» деп жіберіп, пәлеге қала жаздаған едім. Енді ше, тура 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы болған кез еді ғой. Бірінші хатшың орнына әдейі қазақты «тағайындап» жібергендей боп тұрмын. Қасақана ұйымдастыру деген осы болар. Желтоқсан оқиғасынан кейін бәрі ұшығып тұрған уақыт, қудалаудың түр-түрі болып жатқан. Сыныққа сылтау іздесе, мойныма талай нәрсе ілініп кетейін деп тұр. Мәрқұм Сейдахмет ағамыздың мықты ұстанымының арқасында жазадан да, пәледен де аман қалдым. Бір ауыз сөзбен бәрін шешіп тастаған еді.

Бұл жайында белгілі қаламгер, курстас досым, қазіргі Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омарұлы жан-

жақты жазды. Қарамағындағылардың басын жауға бермейтін, өзін дауға бермейтін, ізінен ергендердің еншісін ешкімге жегізбейтін басшылар бізде болмай қалған жоқ. Журналистиканың бағына туған ондай тұлғалар ешқашан ұмытылмайды. Басылымның беделін арттыратын да солар.

Осындай мықты майталман қаламгер-журналистер, байыпты басшылар қатарында Шерхан Мұртазадан бастап, академик Уәлихан Қалижанұлы, Жарылқап Бейсенбайұлы, Қали Сәрсенбай, Шархан Қазығұл, Шәмшиден Паттеев, Қайнар Олжай, Ермұрат Бәтиұлы, Жарылқап Қалыбай, Нұртөре Жүсіп, Қазбек Иса, Құлтолеу Мұқаш, тағы басқалар бар. Олардың бәрін журналистиканың символындай көрсетуге болады. Ақпарат саласындағы қазіргі басшылардың бәрі де осындай орасан зор еңбектердің нәтижесі деп білемін. «Тергені алтын, жегені жантақ» – дәл осылар. Еңбектеріңіз жемісті бола берсін! Барша әріптестерімді кәсіби мерекемізбен құттықтаймын. Аман болыңыздар!



Ғазиза ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері,
ҚР Ұлттық
кітапханасының
директоры:

Бүгінде әлеуметтік желі, цифрлық платформа мерзімді басылымдарды ығыстырып жатқан жоқ па? Жалпы, газет-журнал керек пе?

«Алматы ақшамы» классикаға айналды

Барлық ақпаратты сайт пен желіге жүктеп, содан оқыту мүмкін емес. Сондықтан қағаз нұсқасы міндетті түрде керек. Бізге келушілердің ең көп сұрайтыны да – газет-журнал. Ол күнделікті ақпараттан бөлек тың тақырыптар, ғылыми-зерттеу мақалаларымен, ерекше сұхбаттарымен құнды. Біз әлі де газет-журналдан нақты дереккөз берілген, сауатты, сапалы дүние күтеміз және табамыз. Сонысымен де бағалы. Газет-журналдың қоғамдағы орны одан сайын биіктей түсуі үшін тың тақырыптарға ғылыми талдаулар жүргізілген мақалалар оқығымыз келеді. Біз қазір қалың кітаптың, ақпараттың ортасындамыз. Бірақ шалғайдағы оқырманды да ұмытпауымыз керек.

Әр газеттің ерекшелігі болса дейміз. Мысалы, «Нью-Йорк Таймс» әр жылдың үздік кітаптарының нәтижесін жариялайды. Ол тізімге ену де абырой. Тізім екі жүз елуіге дейін барады. Оқырман сол тізімнен оқытынын таңдайды. Бізде де жоқ емес, дейтұрғанмен күнделікті жоспарлы дүниеден бөлек осындай тың дүниелер көбейсе. Мысалы, «Айқыннан» бір ерекше

маманмен сұхбаттар, зерттеу мақалалар оқимын. «Ана тілінің» айдарлары да тұшымды. Ол газетпен «Сирек кітаптар», «Ұрпақ оқымаған кітап» сынды бірлескен рубрикаларымыз бар. «Егеменнен» өнер туралы, өнер туындылары жайлы, кейде қысқа бір философиялық мақалалар оқимын.

Алматының күллі тіршілігін қамтитын «Алматы ақшамы» газеті классикаға айналды десек, артық емес. Саясат, экономикадан бөлек, «Ұлттық құндылық», «Кәсіп пен нәсіп», «Тілші талдауы» айдарлары қызық. Біз мән бере бермейтін дүниелерді табасың.

Газеттің әлеуметтік желіден ерекшелігі осы және ол сақталуы керек. Сондықтан газет-журнал шығару үрдісі ешқашан үзілмеуге тиіс. Былтыр біздің кітапханаға келушілер тарапынан миллионнан астам газет-журнал сұралған болса, 2023 жылғы жарты жылдықта 444 283 газет, 91739 журнал сұралған.

Мереке қарсаңында журналист қауымға оқырмандығы көп болсын деген тілегімді де жеткізім келеді. Баспасөздің абыройы биік болсын!



«ALMATY AQPARAT»

жаңғыру мен жаңашылдықтың жаңа кезеңінде

Бәсекелі ақпарат кеңістігінде аудитория сұранысы өзгеріп, бақпарат тарату тәсілдері де жаңара түсті. Соған сай, ақпарат құралдарының даму бағыты да өзгеше сипат алуда. Осы тұрғыда «Almaty Aqparat» медиахолдингі кейінгі жылдары ауқымды трансформациялық даму жолына түсіп, жаңа белестерді бағындырып келеді.

Бұрынғы «Alatau Aqparat» атауының «Almaty Aqparat» болып өзгеруі ұйымның трансформациялық даму моделін тағы бір қырынан айқындады. Жаңарған бренд медиахолдингінің мегаполистің басты ақпараттық алаңдарының бірі ретіндегі позициясын күшейтіп, жаңа стратегияларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Ұжым бүгінде тек баспасөз өнімдерін шығарумен шектелмей, мультимедиялық платформаларды дамыту бағытында қарқынды жұмыстар жүргізуде.

Қазіргі уақытта құрамдағы «Вечерний Алматы» және «Almaty aqshamy» газеттері қоғамдық пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді. Al vecher.kz, aqsham.news және alnews.kz интернет-ресурстары тәулік бойы жұмыс істеп, жедел әрі сапалы ақпарат таратады. Aqshamnews.kz сайтының бас редакторы Сүлу Бөлек кейінгі

мей, ұйымның материалдық-техникалық базасын жаңарту бағытында да маңызды қардамдар жасалды. Медиахолдингінің кеңсе ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Күзге қарай қызметкерлер толықтай жаңартылған, заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа ғимаратқа көшпек.

Биыл ұжым үшін ерекше маңызды ие жыл. Қазақстандағы беделді басылымдардың бірі – «Вечерний Алматы» газеті өзінің 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. Мерейтой қарсаңында бірқатар әріптестеріміз жоғары мемлекеттік марапаттарға да ие болды.

Осылайша «Almaty Aqparat» дәстүрлі журналистиканың үздік құндылықтарын сақтай отырып, цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланған, заман талабына сай дамып келе жатқан жетекші ақпараттық орталықтардың біріне айналып отыр. Жаңарған инфрақұрылым, жаңа технологиялар және кәсіби ұжым алдағы уақытта медиахолдингінің дамуына тың серпін берері сөзсіз.

Дана САДЫРҚАН.

Биыл Алматы қаласының бас басылымы – «Алматы Ақшамы» үлкен трансформациядан өтіп, сыртқы келбеті мен мазмұнын түбегейлі жаңартты. Редакциямыз үшін биылғы жыл тек жаңа дизайн мен ребрендинг жылы емес, үлкен жеңістер кезеңі болды. Редакция тілшілері мен шығармашылық құрамы мемлекеттік жоғары марапаттарды иеленіп, кәсіби биіктікті бағындырса, спорттық додаларда да топ жарып, ұжымның бірлігін көрсетті.



Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,
ардагер-журналист:

Ұлттық журналистика мектебін шыңдасақ

Шүкір, елімізде мерекешаттаулы баршылық. Бірақ әр мамандықтың кәсіби төл мерекесінің орны да, жөні де бөлек. Сол күні өзің таңдап алған мамандығыңа да бір нақтаныш сезімі билеп, ерекше күйді сезінетіні де рас.

Зады, журналистикаға кірер із бар да, шығар із жоқ-ау. Олай дейтінім, қазақ баспасөзі тарихының тұтас дәуірін басынан өткізген абыз басылым – «Егемен Қазақстанда» 44 жыл еңбек етіп, ардагер атансам да, қасиетті қаламды әлі тастамай келемін. Шамасы, өзімнен бірге кетеді-ау.

Қазір бұрынғыдай журналистикада Сейдахмет, Әбіш, Шерхан ағалардай қайраткер, кез келген әкіммен, министрмен тең дәрежеде сөйлесе алатын тұлға редакторлар азайып барады. Олай дейтінім, бүгінде қазақ тілді интернет-сайттар көп, әрі оларда жазуы әлі қалыптаса

қоймаған жас редакторлар отыр. Сондағы дүниелерді оқысаңыз, екі сөздің бірінде шалынып, сүрініп жатқандары. Мемлекеттік тілдің, оның ішінде интернеттегі тілдің дамытамыз десек, олардың сапасы қадағаланып, көркемдік шындық талап етілсе деіміз. Болмаса, әр талаарна, сайттарда бір-бір стиліст-редактор отырса. Рас, семинар, тренинг, курстар өткізілгенімен, жастар тәлім алатында қалыптасқан ұлттық журналистика мектебі жоқтың қасы. Қай-некей, Қайнар Олжай ғана фейсбукте отырып, жастарға дәрісін жүргізіп, тәлім-тәрбие беруде. Ол әрине, жеткіліксіз.

Біздің кезімізде нашар жазатын журналистер аз болатын. Ол уақытта журналистің беделі де, газет-журналдардың ықпалы да жоғары еді. Бір сынаған мақалаң қоғамда бірден талқыланып, нақты нәтиже беретін. Қазір бұл алаңға блогерлер шықты. Олар проблеманы өткір көтеріп, жоғары билікке дейін жеткізеді. Бірақ көп жағдайда жауапкершілігі жоқ, кейде мұны жарнама құралына айналдырады. Оқып-тоқымай-ақ танымал болу мүмкіндігі көбейгендей әсер қалдырады.

Сондықтан дәстүрлі БАҚ жаңа медианың талабына бейімделуі керек. Оның үстіне, алдағы уақытта көптеген үдерісті жасанды интеллект алмастыруы мүмкін. Газеттер интернет сайттарын күшейтіп, YouTube, TikTok, Instagram секілді платформаларда белсенді болуы қажет. Сонда ғана ақпарат кеңістігіндегі ықпалын сақтап, қазақ журналистикасының беделін жаңа деңгейге көтере алады.



Нұржамал БАЙСАҚАЛ,
ардагер-журналист:

Майдангер мамандық

өз мамандығыңды «Мен журналистпің!» деген мақтаншыпен, шын жүрегімен сүй дер едім. Әділ бол. Сөйлей алам, жаза аламын деп оқырманның журналистикаға деген сенімін қашырып алма. Көріп тұрған кемшілігіңді жасырма, әділетсіздіктерге қарсы тұра біл.

Әрине, жетістікке қуанамыз. Бірақ журналистердің әлеуметтік мәселелері де аз емес. Баспанасыз жүрген журналистер де көп. Мемлекеттік марапаттардан тыс қалып жатқандары да бар. Неге Алматының экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосқан журналистер «Алматы қаласының Құрметті азаматы» атауына ие болса, Алматы қаласында Журналистер үйі болса, тіптен жарасып кетер еді. Қызмет бабында жүріп өмірден өткен әріптестеріміз де аз емес қой.

Мәселен, республикалық басылымдарда ұзақ жыл еңбек еткен, «Алматы ақшамының» ашылуына үлес қосқан Ерғали Сағатқа, жалынды журналист Жолдасбек Дуанабаевқа және қызмет бабында жүріп көз жұмған өзге де әріптестерімізге ескерткіш қойылса деймін. Мұндай бастамаларды журналистер қауымы мен Журналистер одағы көтеруі керек. Сондай-ақ, Одақ ханынан жас журналистерге арналған тәлімгерлер мектебі құрылса, үлкен өнеге болар еді.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №307 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2026 жылғы 23 маусым-да №226697 болып тіркелді.

2026 жылғы 10 маусымдағы

ШЕШІМ

№307

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 «Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Алматы қаласының 2026–2028 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 2 386 336 815,5 мың теңге, оның ішінде:

салық түсімдері – 2 283 517 164,2 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 49 128 703,5 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 28 608 825 мың теңге;

арнайы түсімдер – 2 117 624,8 мың теңге;

трансферттер түсімі – 22 964 498 мың теңге;

2) шығындар – 2 687 283 457 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 22 581 194 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 28 000 000 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 5 418 806 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо –83 942 949 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу – 85 642 399 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -407 470 784,5 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – -407 470 784,5 мың теңге»;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«3. 2026 жылға арналған қала әкімдігінің резерві 34 219 912 мың теңге сомасында бекітілсін»;

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«6. 2026 жылға арналған «толық бітіріп берілетін» құрылыс туралы шарттар бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимиті 528 672 150 мың теңгені құрайды, оның ішінде осы қосымшаға 5-қосымшаға сәйкес жобалар»;

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімнің 5-қосымшасы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын (қызметтік пайдалану үшін).

2. Осы шешім 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №307 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2026 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы		Атауы	Сумма, мың теңге
	Ішкі сыныбы	Специфика		
1			2	3
			I. Кірістер	2 386 336 815,5
1			Салықтық түсімдер	2 283 517 164,2
	01		Табыс салығы	1 669 666 695,2
		1	Корпоративтік табыс салығы	824 189 461,0
		2	Жеке табыс салығы	845 477 234,2
	03		Әлеуметтік салық	409 067 071,0
		1	Әлеуметтік салық	409 067 071,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	79 712 286,4
		1	Мүлікке салынатын салықтар	48 675 439,0
		3	Жер салығы	4 695 422,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	26 331 669,0
		5	Бірыңғай жер салығы	9 756,4
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	85 103 156,6
		2	Акциздер	23 190 919,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	13 721 265,3
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	48 190 972,3
	07		Басқа да салықтар	1 100,0
		1	Басқа да салықтар	1 100,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	39 966 855,0
		1	Мемлекеттік баж	39 966 855,0
2			Салықтық емес түсімдер	49 128 703,5
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5 536 673,5
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	912 027,0
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	691 556,0
		4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	386 300,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 502 010,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	44 754,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	26,5
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10 630,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	77 341,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	20 760 701,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	20 760 701,0
		06	Басқа да салықтық емес түсімдер	22 743 358,0

		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	22 743 358,0
3				Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	28 608 825,0
		01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 817 030,0
			1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 817 030,0
		03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 791 795,0
			1	Жерді сату	5 491 795,0
			2	Материалдық емес активтерді сату	300 000,0
4				Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
		1		Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
			1	Арнаулы түсімдер	2 117 624,8
5				Трансферттердің түсімдері	22 964 498,0
		02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	22 964 498,0
			1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	22 964 498,0

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ		Сумма, мың теңге	
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
		II. Шығындар	2 687 283 457,0	
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	27 692 705,0	
	111	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	400 598,0	
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	391 186,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 867,0
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	3 545,0
		121	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	6 570 044,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	6 570 044,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	9 352 453,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	5 873 903,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 478 550,0
		362	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	272 397,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	272 397,0
		379	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	853 038,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	830 106,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 932,0
		318	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	1 815 035,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 206 902,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	8 667,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	75 000,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	524 466,0
		523	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	5 813 202,0
		001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту, жергілікті бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 294 009,0
		002	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	90 790,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	33 410,0
		061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	394 993,0
		302	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	348 000,0
		004	Өңірде ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалар жүргізуді қамтамасыз ету	348 000,0
		369	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	2 267 938,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 659 043,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 128,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	605 767,0
02			Қорғаныс	22 781 763,0
		515	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	756 219,0
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	194 612,0
		004	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	561 607,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 177 916,0
		030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	2 177 916,0
		387	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	5 744 583,0
		003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	4 643 368,0
		004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	253 157,0
		005	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою	848 058,0
		515	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	14 103 045,0
		001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 994 130,0
		006	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және оларды жою	11 511 415,0
		011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	429 200,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	168 300,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	57 444 727,0
		352	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	41 539 590,0

		001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	38 847 829,0
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермеу	18 000,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 673 761,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	395 015,0
		004	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	395 015,0
	522		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің атқарушы органы	467 101,0
		001	Қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	372 952,0
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	94 149,0
	328		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	15 043 021,0
		004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	15 043 021,0
04			Білім беру	516 920 708,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	83 413 410,0
		034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	83 413 410,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	4 917 708,0
		006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	70 300,0
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	4 847 408,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	9 877 988,0
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	8 228 014,0
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 649 974,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	269 256 812,0
		003	Жалпы білім беру	61 545 977,0
		004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	8 940 769,0
		005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 745 812,0
		008	Балаларға қосымша білім беру	11 798 612,0
		019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000,0
		040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	157 140 029,0
		204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	27 017 613,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	63 612 989,0
		027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	2 197 919,0
		028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	49 399 948,0
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	12 015 122,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	3 791 779,0
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	3 791 779,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	63 724 020,0
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	63 724 020,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	176 040,0
		046	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	176 040,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	26 958,0
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	26 958,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	588 231,0
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	588 231,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	948 421,0
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	948 421,0
	360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	16 586 352,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	597 689,0
		006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	2 298 771,0
		007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	4 500 000,0
		009	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	1 531 669,0
		013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	3 049 787,0
		014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	473 868,0
		021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	484 118,0
		027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына берілетін біржолғы ақшалай қаражат төлемі	4 880,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 473 035,0
		069	Балалар құқығын қорғау саласында іс шаралар өткізу	172 535,0
05			Денсаулық сақтау	104 469 617,0
	339		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	13 182 926,0
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	413 250,0
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	65 362,0
		017	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық кәліп және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	35 580,0

		041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	12 668 734,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 920 530,0
		024	Жергілікті атқарушы органдар төлейтін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекеттің жарналарына әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілетін трансферттер	6 920 530,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	46 812 342,0
		009	Алматы қаласында денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту	511 999,0
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	46 300 343,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	5 341 928,0
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	5 341 928,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	1 283 848,0
		039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	1 283 848,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	82 836,0
		029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	82 836,0
		339	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы	30 845 207,0
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	621 515,0
		008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	217 534,0
		016	Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол журумен қамтамасыз ету	7 294,0
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	247 093,0
		030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	3 344,0
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	29 748 427,0
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	70 132 712,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 611 361,0
		056	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	1 611 361,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	14 598 544,0
		014	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 891 578,0
		020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	4 275 496,0
		021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 446 404,0
		022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 777 253,0
		029	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	2 565,0
		064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	652 915,0
		076	Әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	2 552 333,0
		360	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	2 309 417,0
		016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	1 836 958,0
		037	Әлеуметтік сауықтандыру	472 459,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	2 624 887,0
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	2 624 887,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	23 139 809,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 161 684,0
		030	Тұрғын үй көмегін көрсету	31 235,0
		031	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	4 682 014,0
		033	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	10 254 200,0
		035	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	6 010 676,0
		328	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	7 580 714,0
		018	Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша қалалық қоғамдық кәсіпке (таксиден басқа) жеңілдікпен, тегін жол жүру түрінде азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау	7 580 714,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	12 425 135,0
		003	Жұмыспен қамту бағдарламасы	9 560 431,0
		009	Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау	1 951 054,0
		016	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу	913 650,0
		123	Қаладағы аудан әкімінің аппараты	2 850 362,0
		036	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	29 087,0
		037	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	2 160 615,0
		039	Кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	660 660,0
		355	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	1 876 494,0
		001	Жергілікті деңгейде халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	827 796,0
		019	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	435 052,0

		028	Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қиын жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер	443 063,0
		066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	11 000,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	159 583,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	65 197,0
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	65 197,0
	511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	500 000,0
		054	Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	200 000,0
		068	Әлеуметтік көмек ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру	300 000,0
	376		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың балалардың құқықтарын қорғау басқармасы	550 792,0
		001	Жергілікті деңгейде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	83 693,0
		069	Балалар құқығын қорғау саласында іс шаралар өткізу	445 099,0
		067	Ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың күрделі шығындары	22 000,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	698 427 764,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	1 888 584,0
		050	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	1 888 584,0
	351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	152 876 185,0
		010	Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру	152 876 185,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	63 797 828,0
		012	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	2 302 355,0
		017	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	3 323 253,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	58 172 220,0
	511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	18 269 719,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 268 093,0
		008	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	11 881 626,0
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	120 000,0
	512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	965 266,0
		008	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	965 266,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	40 749 157,0
		042	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	40 099 374,0
		043	Қаланы абаттандыруды дамыту	649 783,0
	512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	40 094 970,0
		001	Жергілікті деңгейде энергетика және сумен жабдықтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 244 361,0
		007	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	38 068 228,0
		028	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру	305 299,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	477 082,0
	513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	6 596 500,0
		017	Қаланы абаттандыруды дамыту	6 596 500,0
	520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	9 897 993,0
		001	Жергілікті деңгейде қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	203 216,0
		002	Қаланың қоғамдық кеңістігінің элементтері болып табылатын құрылыстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	7 034 210,0
		006	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 660 567,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	145 427 634,0
		008	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	12 341 110,0
		009	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	29 126 547,0
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	1 051 750,0
		011	Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	102 908 227,0
	511		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	38 833 405,0
		019	Елдімекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	18 350 858,0
		021	Елдімекендердің санитариясын қамтамасыз ету	20 349 289,0
		041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	133 258,0
	512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	10 700 000,0
		037	Елдімекендердегі көшелерді жарықтандыру	10 700 000,0
	520		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасы	168 330 523,0
		003	Қаланың қоғамдық аумақтарын дамыту және абаттандыру	168 330 523,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	124 766 086,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	9 458 401,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	1 700 000,0
		044	Шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	7 758 401,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	15 573 412,0
		004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	9 509 263,0
		005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 551 282,0
		006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	2 000,0
		007	Театр және музыка өнерін қолдау	3 138 685,0
		008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 372 182,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	16 244 880,0

		014	Мәдениет объектілерін дамыту	16 244 880,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	6 918 772,0
		046	Спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды іске асыру	6 918 772,0
	323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	36 162 911,0
		001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	372 040,0
		002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1 782 450,0
		003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	13 009 310,0
		005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	19 000 000,0
		016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 999 111,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	3 537 884,0
		015	Спорт объектілерін дамыту	3 537 884,0
	313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	15 465 200,0
		001	Жергілікті деңгейде цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 465 200,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	4 113 224,0
		009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 990 807,0
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	1 122 417,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	6 116 930,0
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 061 580,0
		009	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	55 350,0
	380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	5 577 229,0
		001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	223 341,0
		002	Туристтік қызметті реттеу	4 724 103,0
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 385,0
		007	Креативтік кеңістіктерге жағдайлары мен инфрақұрылымын жасауды қоса алғанда, креативтік индустрияны дамыту жөніндегі қызметтер	617 400,0
	302		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жастар саясаты басқармасы	3 182 962,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	568 341,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	2 531 487,0
		011	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	83 134,0
	361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	779 104,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	234 617,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	544 487,0
	362		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ішкі саясат басқармасы	1 635 177,0
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 369 913,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	262 910,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2 354,0
09			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	16 239 070,0
	512		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	16 239 070,0
		012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	16 239 070,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	42 749 223,0
	326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	3 207 010,0
		014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	519 430,0
		016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	94 623,0
		021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	27 000,0
		022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	949 354,0
		034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	200,0
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	1 616 403,0
	513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	1 072 768,0
		009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1 072 768,0
	513		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экология және қоршаған орта басқармасы	37 982 393,0
		001	Жергілікті деңгейде экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	264 492,0
		004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	24 396 791,0
		005	Экожүйе объектілерін дамыту	11 345 852,0
		006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	872 233,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 103 025,0
	351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	487 052,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	458 098,0
		008	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 550,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	21 404,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	5 037 652,0
	324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	579 108,0
		001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	569 534,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	9 574,0
	365		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың сәулет және қала құрылысы басқармасы	2 961 555,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	728 491,0
		002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	2 233 064,0
	373		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	1 496 989,0

		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 275 557,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	221 432,0
12			Көлік және коммуникация	314 414 564,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	6 334 294,0
		045	Елдімекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу	6 334 294,0
		328	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	4 877 371,0
		007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	4 877 371,0
		329	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	165 595 275,0
		007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	116 939 293,0
		016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	48 655 982,0
		328	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	107 343 409,0
		001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 059 267,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 212,0
		008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	10 000 000,0
		009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	90 479 362,0
		011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	4 140 590,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	660 978,0
		329	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	264 215,0
		001	Жергілікті деңгейде жол инфрақұрылымын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	263 983,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	232,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	30 000 000,0
		025	Көлік инфрақұрылымын дамыту	30 000 000,0
13			Басқалар	176 148 594,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	17 053 282,0
		040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту	17 053 282,0
		326	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	28 792 646,0
		005	Кәсіпкерлік субъектілерін қолдау	2 763 646,0
		007	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру	5 000 000,0
		017	Кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	20 829 000,0
		082	Бизнес-идеяларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру	200 000,0
		313	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифрландыру басқармасы	5 215 095,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	5 215 095,0
		323	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	311 583,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	311 583,0
		326	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 690 953,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	940 434,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 150,0
		004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	1 178 819,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	566 550,0
		328	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы	567 484,0
		096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	567 484,0
		373	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрылыс басқармасы	68 297 639,0
		031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	21 297 639,0
		221	«Толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау (ЕPC-F)	47 000 000,0
		512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	15 000 000,0
		221	«Толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау (ЕPC-F)	15 000 000,0
		523	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	38 219 912,0
		013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	34 219 912,0
		022	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	4 000 000,0
14			Борышқа қызмет көрсету	5 260 819,0
		523	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	5 260 819,0
		005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	5 260 510,0
		018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	309,0
15			Трансферттер	504 797 453,0
		523	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономика және қаржы басқармасы	504 797 453,0
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	392 446,5
		007	Бюджеттік алып қоюлар	491 887 501,0
		029	Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне әкімшілік-аумақтық бірліктің саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған реттерде, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің өкілдері бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен жалпы республикалық не халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізілген жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	10 608 865,0
		053	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	1 276 813,5

				Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жалпыреспубликалық немесе халықаралық маңызы бар іс-шаралар өткізетін жағдайларда, сондай-ақ агломерацияларды дамыту мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана әкімдерінің өкілдерінің тапсырмасы бойынша берілетін нысаналы даму трансферттері	631 827,0
				III. Таза бюджеттік кредит беру	22 581 194,0
				Бюджеттік кредиттері	28 000 000,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	28 000 000,0
			511	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы	28 000 000,0
			012	Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру	28 000 000,0
06				Бюджеттік кредиттерді өтеу	5 418 806,0
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	5 418 806,0
			06	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	5 291 609,0
			13	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	127 197,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша салыдо	83 942 949,0
				Қаржы активтерін сатып алу	85 642 399,0
12				Көлік және коммуникация	22 249 679,0
			329	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	22 249 679,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	22 249 679,0
13				Басқалар	63 392 720,0
			326	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	39 241 429,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	39 241 429,0
			329	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы	6 705 721,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6 705 721,0
			512	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энергетика және сумен жабдықтау басқармасы	17 445 570,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	17 445 570,0
07				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	1 699 450,0
			1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	1 699 450,0
			05	Мүлктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлкі сатудан түсетін түсімдер	1 699 450,0
				V. Бюджеттік дефицит	-407 470 784,5
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	407 470 784,5

Қызметтік пайдалану үшін №1 дана

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №307 шешіміне 2-қосымша

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №267 шешіміне 5-қосымша

«Толық бітіріп берілетін» құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелердің тізбесі**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №312 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2026 жылғы 22 маусымда №226556 болып тіркелді.

ШЕШІМ**2026 жылғы 10 маусымдағы****№312****Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

- «Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №488 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №1647 болып тіркелген);
- «Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 9 қазандағы №488 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №99 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №11767-02 болып тіркелген).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы**М.ОТЫНШИЕВ****Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ**

Алматы қаласы мәслихатының 2026 жылғы 10 маусымдағы №313 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінің мемлекеттік тізімінде электрондық түрде 2026 жылғы 17 маусымда №226446 болып тіркелді.

ШЕШІМ**2026 жылғы 10 маусымдағы****№313****Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек туралы**Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 31-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған Алматы қаласында тұратын азаматтарға Санкт-Петербург қаласына баруға кететін шығындарды өтеуге арналған әлеуметтік көмек (бұдан әрі – әлеуметтік көмек) белгіленсін.

2. Әлеуметтік көмек осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген тұлғаларға жыл сайын Санкт-Петербург қаласына әуе немесе темір жол көлігі арқылы барып-келу құны толық мөлшерде екінші деңгейдегі банктердегі олардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен көрсетіледі.

3. Осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген тұлғалар әлеуметтік көмек алу үшін тұрақты тұрғылықты тіркелген жері бойынша Алматы қаласының аудан әкімдіктеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) өтінішпен мынадай құжаттарды қоса бере отырып жүгінеді:

- Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисіндегі электрондық құжат (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- «Ленинградты қорғағаны үшін» медалінің немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісі куәліктерінің көшірмесі;
- жолдақысының құнын растайтын билеттер, отырғызу талоны;
- алушының екінші деңгейдегі банктерде немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

4. Көрсетілетін қызметті беруші әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартуды Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес жүзеге асырады.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы**М.ОТЫНШИЕВ**

ФОЛЬКЛОРТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЛЫБЫ


Алматыда фольклортанушы ғалым, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Сейіт Қасқабасовтың туған күніне орай «Академик Сейіт Қасқабасов және мәдени антропология мәселелері» атты «дөңгелек үстел» өтті.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен «Ғылым ордасы» РМК бірлесіп ұйымдастырған іс-шараға жиналған қауым қазақ фольклортанушы мен әдебиеттану ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалымның өмір жолы мен ғылыми шығармашылығын естеліктер айтып, бай мұрасын жан-жақты талқылады. Сондай-ақ, жиында фольклортану мен

мәдени антропологияның өзекті мәселелері, ғалымның төл ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлі мен заманауи зерттеулердің даму бағыттары сөз болды. «Дөңгелек үстелге» отандық фольклортанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы және шығыстанушы ғалымдар, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары, жас зерттеушілер қатысты. Фольклортану бөлімінің

аға ғылыми қызметкері, Сейіт Қасқабасовтың шәкірті Дүйсенгүл Жақан ұстазын: «Ағайдың адамгершілігі, биік парасаты мен мейірімі ерекше болатын. Бөлімнің әр қызметкеріне, жалпы институт ұжымына өз баласындай қарап, ұлды ұлдай, қызды қыздай көретін кең жүректі азамат еді» деп еске алды.

«Сейіт ағайдың басшылығымен қазақ фольклоры мен мәдениетінің өзекті мәселелеріне арналған көптеген іргелі еңбектер жарық көрді. Соның ішінде Фольклортану бөлімінде алғаш рет «Қазақ



фольклорының» он томдығы дайындалды. Оның бірінші томы жазылып, онда фольклор жанрларының тарихы зерттелді. Жалпы он томдықтың тұжырымдамасы мен жобасын жасаған да – Сейіт Қасқабасов. Әйгілі «Бабалар сөзі» жүз томдығының да ғылыми жүйесі мен жоспарын әзірлеген осы кісі болатын. Өмірінің соңына дейін ғылымнан қол үзген жоқ. Денсаулығына қарамастан, соңғы еңбектерінің біріне жетекшілік жасап, бір көзі көрмей қалса да, қолжазбаларды мұқият қарап, түзетулер енгізіп отырды. Қатесін тексеріп, баспаға өзі әзірлеп тапсырды», – деді ол.

«Дөңгелек үстел» аясында көрнекті түрколог-ғалымдардың ғылыми мұрасын зерделеуге арналған «Репрессированная тюркология (фольклористика)» атты ғылыми еңбектің салтанатты түрде тұсауы кесілді.

Жинақта саяси қуғын-сүргінге ұшыраған түркітанушы және фольклортанушы ғалымдардың ғибратты өмірі мен ғылыми қызметі, сондай-ақ олардың отандық гуманитарлық ғылымның дамуына қосқан өлшеусіз үлесі жан-жақты қарастырылған.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Суреттер: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



Ұзақ жыл Мәскеуде тұрған Ресей Ғылым академиясының Тілдерді тану институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Кеңесбай Мұсаев бүкіл ғұмырын ана тілімізді насихаттауға арнады. Қазақстан Ғылым академиясының академигі, «Түркі тілі» ұйымының құрметті мүшесі, Ресей Федерациясы ғылымының еңбек сіңірген қайраткері Кеңесбай Мұсаулы Түркістан педучилищесін тәмамдағаннан кейін Қазақ университеті Филология факультетін, Тіл білімі институтының аспирантурасын бітірді. Осыдан кейін оның тіл ғылымындағы керуен сапары басталған еді.

Әуелде Алматы қалалық және Қазақстан комсомолы орталық комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарды. «Қарайым тілінің құрылымы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Литва мен Украинада тұратын қарайымдардың тілдері туралы деректер жинақтап, Қыпшақ тобындағы тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыда зерттеп, әліпби, лексика және орфография мәселелерімен жүйелі түрде айналысты. Орталық Еуразиядағы түркі тілдерінің мәдени байланыстары туралы еңбектер жазды. Ресей, Германия, Үндістан, Түркия, Испания, Норвегия, Моңғолия, Чехия, Финляндия, өзге де елдерде өткен халықаралық конференцияларда түркі халықтарының, оның ішінде аз халықтардың тілін сақтап қалуға арналған баяндама жасады. Қазақстан Республикасының «Парасат» жоғары мемлекеттік марапатының және Ресей Федерациясының орден-медальдарының иегері атанды.

«Тіл жанашыры» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жүзеге асқан «Тіл жанашыры» құрмет белгісімен алғаш рет қазақ тілін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдар мен қазақстандық тіл жанашырларына берілді. Сол қатарда Мәскеуде қазақ тілінің мәртебесін көтеріп жүрген ғалым Кеңесбай Мұсаев та болды. Төсіне

ТҰТАС ТҮРКІНІҢ ТІЛІ ҮШІН

Ту көтерген ғалым



сол құрмет белгісін тағып тұрып былай дегені бар:

– Бұл мен үшін зор құрмет, қазақтармен қауышу зор бақыт, сол үшін қуанамын. Бұрын қазақ деген сөзді қолданғаны үшін ұлтшыл дейтін. Мәскеуде Мұрат Әуезов қазақ жастарын ұйымдастырып, «Жас түлпар» ұйымын құрғаны үшін оқудан шығарылғаны да есімізде. Кейін студенттер ұйымын да үкімет таратып жіберді. Содан 1990 жылы ғана зиялы қазақтардың басын қосып, «Қазақ тілі» қоғамын құрдым. Мұндай ұйымға қатысуы оңай емес еді, бастапқыда жұрт тіксінді. Ешкімнен қорықпастан әрекет еттім. Ондағы мақсат – қазақтар ана тілі мен мәдениетін ұмытпасын, төл рухани мұрасын әлемге таныстырсын деген ой еді. Ұлтымыздың бай мәдени мұрасынан шеттегі қазақтардың алшақтауы – қорек алған тамырынан ажыраумен бірдей. Біртіндеп үлкен ұйымға айналды. Мәскеудегі қазақстандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам

қайраткері Валерий Темірбаев ұйымға көп көмек берді. Сондай жанашыр ұлтжанды азаматтардың арқасында қоғамдық ұйым бүгінге дейін жұмысын жалғастырып келеді, – деп еді ғалым.

Ол ана тілімізді қорғау үшін дүниені шарлап, тілдердің жағдайын зерттеген. Нәтижесінде қазақтармен саны жағынан қатар, немесе аз халықтар: грек, швед, норвег, фин халқы ана тілінің қолдану аясының бізден озып тұрғанын түсінген. Міне, осыларды көріп, ана тіліміздің деңгейін қалай көтереміз деген ой оны үнемі мазалаған. Алматыда Әбдуәлі Қайдаров, Өмірзақ Айтбаев сияқты тіл мамандарымен тіл тағдырын талқылап, кейін тұңғыш «Қазақ тілі» құрылтайын шақырып, соның нәтижесінде «Қазақ тілі» қоғамының бағдарламасы туралы баяндама жасаған. Ол жиынға мемлекет басшылары да қатысты. Осылайша Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы дүниеге келген.

Мәскеудегі Әдебиет институтында қазақ тілінен дәріс берген жылдары оның шәкірттері Олжас Сүлейменов пен Бақыт Қайырбеков те болды. Ол аталған институтта ұзақ жыл қазақ, қырғыз, түрікмен, қарақалпақ, татар, алтай және хакас тілдерінен сабақ берді. Кейін Мәскеу мемлекеттік университетінің Азия және Африка елдері институтында көп жыл қазақ тілінен лекциялар оқыды. Ғалым-педагог Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Башқұртстан, Хакасия, Қалмақ Республикасы, Украина және Моңғолия үшін жоғары білікті мамандар даярлады. Оның жетекшілігімен 12 ғылым докторы мен 26 ғылым кандидаты дайындалды.

Қазақ тілі, мәдениеті, әдебиеті және аударма мәселелеріне арналған 300-ден астам ғылыми еңбек пен мақала жарияланды. Қазақ тілін халықаралық деңгейде насихаттау мақсатында Мәскеудегі орыс тілді аудиторияға арналған тұңғыш «Қазақ

тілі» оқулығын жарыққа шығарды. Бұл еңбектің жарық көруіне Азия және Африка елдері институтының директоры Михаил Мейер мен директордың орынбасары Жібек Сапарбекқызы Сыздықова қолдау көрсетті.

«Қырғыз тілін жақтағаным үшін Қырғызстанның бірінші хатшысы партия активінде маған «Подсобник киргизских националистов» деген атақ берген. СОКП Орталық Комитетінде талайлармен айтысқан кезіміз де болды. Сонда түбі бір түркі тілдерін дамытуға көп қолдау қажет екенін терең сезіндім», – деп еске алады өзінің тіл үшін күрескен кездерін.

Ол түркі халықтарының тілдері мен мәдени мұрасын сақтауға елеулі үлес қосты. Алтай тілінің сөздігін шығаруға бастамашы болды, сондай-ақ жарты ғасыр бойы жарық көрмеген ноғай тілінің сөздігін дайындау жұмыстарына жетекшілік етті. Ғалым Қырым татарларының тілі мен мәдениетін қорғау бағытында белсенді еңбек етіп, Қырым-татар ғылыми-зерттеу институтын ашу мәселесін көтерді. Қырым университетінде қырым-татар оқытушыларын қысқартуға қарсы шығып, бұл халықтың тілінен бір ғылым докторы мен төрт ғылым кандидатын даярлады. Сонымен қатар, жойылып кету қаупіндегі қарайым тілін зерттеуге ерекше көңіл бөліп, бірнеше ғылыми еңбек пен сөздік шығарды. Осылайша ол түркі халықтарының тілдік мұрасын сақтау мен дамытуға зор үлес қосты.

Тұтас түркінің тілі үшін ту көтерген ғалымның «Біз қазақ болып туғанымызды мақтан етуіміз керек. Бай тіліміз бен ауыз әдебиетіміз, көне мәдениетіміз, тамыры тереңде жатқан тарихымыз бар», – деген осы бір сөзі бүгінгі бізге қалдырған өсиеті сынды.

Өтеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

«Almaty aqshamy» газетіне жазылыңыз!

«Almaty aqshamy» – елдегі ең ірі мегаполистің бас басылымы. Алматылықтарға етене, ел оқырмандарына ортақ газет – қазақ журналистикасының дәстүрлі мектебі мен заманауи ой алаңы.

«Ақшам» бетінде Алматы айшықтарымен қатар тұтас елді толғандыратын тақырыптарды таба аласыз. Тұрмыстық мәселелерден тартып, іскерлік ортаға дейінгі тақырыптарға талдамалық, сараптамалық жауаптарды аласыз.

Бізге жазылыңыз!

Алматыдағы өнер мен әдебиеттің, сән мен шоу-бизнесінің соңғы трендтерінен қалыс қалмаңыз!

Басылымға «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді онлайн оқуға болады: aqshamnews.kz

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 248-49-55.

2026 жылға басылымға жазылу науқаны жалғасып жатыр

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503
Жеке жазылушылар үшін:

1 айға – 835,96 теңге.
3 айға – 2507,88 теңге.
6 айға – 5015,76 теңге.

15503
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін:

1 айға – 1431,83 (қала), 1035,96 (ауыл) теңге.
3 айға – 4295,49 (қала), 3107,88 (ауыл) теңге.
6 айға – 8590,98 (қала), 6215,76 (ауыл) теңге.

95503
Зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін:

1 айға – 615,96 теңге.
3 айға – 1847,88 теңге.
6 айға – 3695,76 теңге.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн-режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі.

Қызмет **24/7** қолжетімді.

ІШІМДІККЕ ТӘУЕЛДІ

3,5 мыңнан астам адам есепте тұр

Қалада ішімдікке тәуелді 3546 адам есепте тұр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қалалық Медициналық-әлеуметтік түзету наркологиялық орталығының психиатр-дәрігері, нарколог Құмарбек Қожекенов осылай деді.

Оның айтуынша, осы зиянды әдеттен зардап шеккен адамдардың нақты саны ресми статистикадағы көрсеткіштен әлдеқайда көп болуы да мүмкін. Себебі, жұмысқа орналасу немесе жүргізуші куәлігін алар кезде қиындық болуы мүмкін деген қауіппен көмекке жүгінбейтін азаматтар да жоқ емес. Пациенттер емделуге үш жолмен – өз еркімен, туыстарының талап етуімен немесе құқық қорғау органының жолдамасы арқылы келеді. Бірақ көшеде мас болып жүргендерді мәжбүрлеп емдеуге жіберуге ешкімнің қақы жоқ.

Орталықтың мәліметіне сүйенсек, есепте тұрғандардың басым бөлігі 20–60 жас аралығындағы орта және егде жастағы азаматтар. Ал жастардың арасында ішімдікке салынып кеткендердің саны едәуір азайғаны байқалады.

«25 жасқа дейінгілердің арасында ішімдікке тәуелді болып есепте тұрғандар саны 20 адамнан сәл ғана асды. Бірақ жастардың арасында психотроптық заттар мен есірткіге тәуелді болғандар көптеу», – дейді Құмарбек Қожекенов.

Спикердің айтуынша, медициналық көмекке кеш жүгіну ең жиі ұшырасатын мәселе. Араққа тәуелді адамдардың көбі өзінің ауру екенін мойындамайды. Олар туған-туысы күштегеннен кейін ғана еріксіз мамандарға келіп қаралатын көрінеді. Ішкілікке салынғандардың санын азайту үшін алдын алу мен ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту қажеттігін айтады мамандар. Әсіресе, мектепке, колледжге, жоғары оқу орны мен еңбек ұжымына көбірек көңіл бөлу керек.

«Ішкіліктен өз еркімен бас тарта алмайтынын түсінсе, ондай адам тездетіп мамандардың көмегіне жүгінуі керек. Туыстары да өзі қояды деп жүре бермей, дер кезінде көмек сұрағаны жөн», – деп түйіндеді сөзін нарколог-дәрігер.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

ҚР Журналистер одағы «КСРО баспасөзінің үздігі» тесбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Ақтөбе облысының Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының тыл еңбек ері, журналист-жазушы

Тауман Алыбайұлы ТӨРЕХАНОВТЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен туған туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Тауман Алыбайұлының журналистика мен әдебиет саласындағы еңбегі, ел руханиятының дамуына қосқан зор үлесі әрдайым халық жадында сақталады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.



ҚОЛЫҢЫЗ ТАЗА БОЛСЫН!

Алматыда күннің қатты Аысуына байланысты күн және ыстық өту қаупі артып отыр. Дәрігерлер әсіресе, балаларға, қарттарға және созылмалы ауруы бар адамдарға мұқият болуды ескертеді.

Осы және өзге де алдын алу іс-шаралары туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы директорының орынбасары Қарлығаш Әбдірахманова айтты.

«Күн өткен кезде адамның басы қатты ауырып, басы айналуы, әлсіздік болып, жүрек айну, құсу, жүрек соғысының жиілеуі және дене қызуының көтерілуі мүмкін. Ауыр жағдайда адам есінен танып, құрысуы, тіпті комаға түсуі де ықтимал», – деді спикер.

Оның айтуынша, күннің өтуі, әсіресе, балалар үшін қауіпті. Өйткені, олардың дене температурасын реттеу жүйесі әлі толық қалыптаспаған. Күн өтудің алғашқы белгілері байқалған жағдайда адамды дереу салқын жерге немесе көлеңкеге апарып, артық киімін шешіп, таза ауаға шығару және денесін салқындату қажет.

«Маңдайға, мойынға, қолтыққа және шап тусына салқын компресс қойған дұрыс. Себебі, осы тұстардан ірі қан тамырлары өтеді. Егер науқас есін жоғалтпаған болса, су балансын қалпына келтіру үшін оған салқын суды аз-аздан беру керек», – деп түсіндірді дәрігер.

Мамандар егер күн өткен адамның жағдайы нашарлап, есінен танса, қатты құсса немесе дене қызуы жоғары болса, жедел жәрдем шақыру қажеттігін ескертеді.

Дәрігерлер жаз мезгілінде алдын алу шараларына ерекше мән беруге

кеңес береді. Атап айтқанда, сағат 11.00-ден 16.00-ге дейін күн астында жүрмеу, бас киім кию, ашық түсті жеңіл киім таңдау және жеткілікті мөлшерде таза су ішу маңызды.

Сондай-ақ, мамандар күн өткен кезде алкогольді ішімдіктерді, кофені және тәтті газдалған сусындарды тұтынуға болмайтынын ескертеді. Бұдан бөлек, ағзаны мұздай сумен салқындату немесе спирт қосылған ерітінділермен сүртінуді дұрыс емес. Өйткені, бұл қан тамырларының күрт тарылуына және адам жағдайының нашарлауына әкелуі мүмкін.

Брифингте ішек инфекцияларынан сақтану туралы да айтылды. Биылғы алғашқы бес айда Алматыда жіті ішек инфекциясының 1318 жағдайы тіркелген. Оның 70 пайыздан астамы 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, сырқаттану көрсеткіші 6,9 пайызға төмендеген. Сондай-ақ, сальмонеллездің 12 және бактериялық дизентерияның 1 жағдайы тіркелген.

Бұдан бөлек, қалада энтеровирустық этиологиядағы серозды менингиттің 7 жағдайы тіркелген, оның бесеуі 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталған. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 28,5 пайызға артқан.

Әсел Қалықованың айтуынша, ішек инфекцияларының негізгі себептері – жеке бас гигиенасы талаптарының сақталмауы, тағамды дайындау мен сақтау технологиясының бұзылуы, жуылмаған көкөніс пен жеміс жеу және сапасыз суды пайдалану. Сондықтан бұл орайда қарапайым тазалық талабын орындау маңызды. Сондай-ақ, тек ресми түрде рұқсат етілген орындарда шомылу және суға түсу кезінде суды жұтып қоймауға тырысу керектігін ескерген абзал.

Нұржамал ӘЛІШ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
тел.: 248-64-04.

Қабылдау бөлмесі:
тел.: 248-60-08.

E-mail:
almatyaqparat@gmail.com

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира САЙДАХМЕДОВА

Бас редактор – **Есхат БОЖАН**

Жауапты хатшы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ақпараттық-талдау бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Саясат және экономика бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Цифрлық инфрақұрылым және кері байланыс бөлімінің редакторы –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 248-49-55.

E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі.
E-mail:
rekalmatyaqparat@gmail.com
тел.: тел.: 248-49-55.
8 707 948 73 78

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Өлжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ,
Валерий ЖАНДӘУЛЕТОВ

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

ALMATY AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
E-mail:
almatyaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
10 360 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Нұрлан СҮЙІН

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№ КЗ51VPY00150334
күәлігі 26.05.2026 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Осеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті
**«AIR ASTANA» әуе компаниясының
бизнес-класс бортында және
«Жолаушылар тасымалы» АҚ
пойыздарындағы жолаушыларға
қолжетімді.**

ҚЫЛҚАЛАМ

Ғалым Смағұлұлы – Орталық Азиядағы ең көп марапатқа ие карикатурашылардың бірі. Ал ең бастысы – біздің осындай талант иесімен «Almaty aqshamy» газетінде ықпал таса бірге қызмет етіп жүргенімізді қалай мақтанышпен айтпасқа?!



ӨНЕРДЕГІ ӨТКІР ОЙ

Батыс Еуропада белгілі карикатурашы Ғалым Смағұлұлының көрмесі ашылды

Ғалым таяуда шығармашылықтың тағы бір баспалдағына көтерілді. Яғни Бельгияның Круйшоутем қаласындағы European Cartoon Center орталығында «Images Finding a Voice» («Карикатура сөйлесін») атты жеке көрмесі ашылды.

Айта кетсек, ЕСС жәй ғана мұражай-орталық емес. Бұл – карикатура үйі. Оның негізін салушы – бельгиялық суретші, педагог және кең ауқымды карикатура биеналесін қалаушы Руди Гейсенс. Іргетасы осыдан жиырма жыл бұрын қаланған. Екі жылда бір рет халықаралық карикатурашылар байқауын ұйымдастыратын және әлемнің түкпір-түкпірінен танымал карикатурашылардың жеке көрмесін өткізетін беделді орталық. Әріптесіміз Ғалым Боранбаев жыл басында дәл осы орталықтың шақыртуын алғанда басында мүлдем сенбегенін айтады.

«Шақыртуды маған шатасып жіберген шығар, әлемде мықты карикатурашы көп қой» деп ойладым да, қателескен боларсыздар деп хат жазып жібердім. Алайда, ұйымдастырушылардан «Біз қателескен жоқпыз, кімге хат жазғанымызды жақсы білеміз» деген жауап алдым. Әрине, толқидым, қуандым», – дейді әріптесіміз.

Ғалымның көрмесі хорватиялық танымал карикатурашы Никола Листешпен қатар ашылды. Дәстүр солай. Карикатурашылар орталығы бір мезетте екі шебердің өнерін ұсынады.

Ғалым Смағұлұлының бұл шетелдегі, оның ішінде Батыс Еуропадағы алғашқы жеке көрмесі. Ал бұған дейін көрмелері Алматыда екі рет, туған жері Жаркент қа-

ласында бір мәрте өткен. Сонымен қатар, халықаралық карикатура байқауларына тұрақты түрде қатысып келеді. Жеңіссіз оралған емес. Мәселен, оның ең беделді жетістіктерінің қатарында екі гран-при жүлдесі бар: Nasreddin Hodja International Cartoon Contest (Түркия, 2019) және Molla Nasreddin International Cartoon Contest (Әзербайжан, 2005).

Бұдан бөлек, ол Қытай, Иран, Испания, Түркия және Қазақстанда өткен көптеген халықаралық байқауларда бірінші орын иеленіп, өзінің жоғары көркемдік деңгейі мен халықаралық беделін дәлелдеген карикатурашы.

Ғ.Боранбаевтың шығармашылығы осының алдында да Бельгияда жоғары бағаланған болатын. 2020 жылы ол George van Raemdonck Cartoonale байқауында бірінші жүлдені жеңіп алды. Ал 2024 жылы Silver Hat Award («Күміс қалпақ») сыйлығына ие болды.

Беделді European Cartoon Center карикатурашылар орталығының ресми сайтына үңілгенімізде, әріптесіміз туралы жазылған жылы лебізді көзіміз шалды.

«Ол адам құқығы, соғыс және әлеуметтік теңсіздік сияқты күрделі мәселелерді әзіл, ирония және көркемдік жағынан бай символика арқылы көтереді. Сонымен қатар, оның туындыларында әрдайым адамға деген жанашырлық сезімі байқалады. Боранбаевтың сыншыл көзқарасы өткір сатира түрінде емес, нәзік әрі ойнақы тәсілмен берілетіндіктен оның карикатуралары аудиторияға түсінікті әрі мазмұны жағынан әмбебап сипатқа ие», – депті шетелдік басылым.

Ғалым Смағұлұлының «Карикатура сөйлесін» атты жеке көрмесі үш ай бойы жалғасады. Оған жүзге тарта туындысы қойылған. Айтпақшы, ЕСС өкілдері жерлесіміздің шығармашылығына арналған альбом-кітап та шығарыпты.

«Көрменің жоғары деңгейде өтуіне қолдау көрсеткен орталық президенті Руди Руди Гейсенске, басқарушы Саския Гейсенске және бүкіл командаға шынайы алғысымды білдіремін», – дейді карикатурашы Ғалым Смағұлұлы.

Біздің (журналистердің) екі-үш беттік мақаламыздағы айтпағымызды алақандай ғана бір суретке сыйдырып, қалам ұшымен төгілте қоятын Ғалым Смағұлұлы басты мақсатым – қоғам шындығын әзілмен жеткізе отырып, қоғамға ой салу дейді.

Нұржамал ӘЛІШ.

